zangazet@mail.ru

№34 (3359) 30 сәуір 2021

ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІМЕН!

**Құрметті әріптестер!
Судьялар одағының атынан сіздерді Қазақстан халқының бірлігі күнімен құттықтаймын!**

Біздің елімізде бұл мереке – бүкіл Қазақстан халқының ұлтаралық келісімін, оның бейбітшілік пен тыныштықта өмір сүруге ұмтылысын, еліміздің лайықты болашағына қол жеткізу үшін шығармашылық міндеттерді бірлесіп шешуге ынтасын көрсететін терең мәнге толы. Ортақ және берекелі шаңырақтың астында өмір сүріп, түрлі ұлт өкілдерін біріктіретін халқымыздың ортақ тағдыры, ортақ ойлары және ортақ мақсаттары бар.

Бұл Қазақстанды әрбір этностың өзінің бірегей мәдениетін, әдет-ғұрпы мен дәстүрін сақтауы және дамытуы үшін барлық қолайлы жағдайлар жасаған үлкен және ұйымшыл отбасы етеді. Ұлттық бастауларға деген терең құрмет – табиғи даналықтан, толеранттылық пен мәдениеттен, байырғы халықтың жазық даладай кең жан-дүниесінен және оның ең жақсы қасиеттерінен бастау алып, қоғамды қалыптастыратын және 30 жыл бойы бірге тұрақты, болашаққа ұмтылған, жаңа әрі күшті Қазақстанның берік іргетасы болып табылады.

Қазір біз өтіп жатқан жол күрделі және ауыр сынақтардан тұрады. Бәрі қалағанымыздай жеңіл бола бермейді. Бірақ осы жағдайлар мен күтпеген қауіп-қатерлерге қарамастан, біз оларды халқымызға тән шыдамдылық, бірлікпен жеңетінімізге күмәнім жоқ.

Біз еңбексүйгіштік, жігерлілік, белсенділік және ұйымшылдық танытып, өзіміздің жауапты міндеттерімізді орындай отырып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, өзара құрмет пен рухани жылулық, түсіністік, әділеттілік пен сенім орнаған дені сау және мықты отбасы ретінде, үйлесе алға жылжимыз. Бұл бүгінгі таңда маңызды және ерекше мәнге ие болатын қарапайым шындық.

Құрметті әріптестер, барлық бастамаларыңызға табыс, ізгі үміттер мен жақсы көңіл-күй тілеймін! 1 Мамыр мерекесі әр үйге бейбітшілік, денсаулық, бақыт пен береке әкелсін!

**Сәкен АБДОЛЛА,
Қазақстан Республикасы
Судьялар одағының
төрағасы**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БЕРЕКЕ БАСТАУЫ – БІРЛІК

«Береке бастауы – бірлік, ел іші – тату тірлік» қағидасын ұстанған елімізде 1 мамырда атап өтілетін Қазақстан халқының бірлігі күні мейрамының орны ерекше. Ынтымақ пен бірлікті паш ететін бұл атаулы күн 1995 жылдың 18 қазанында Қазақстан Президентінің Жарлығы бойынша жарияланып, 1996 жылдан бастап тойланып келеді.

(Соңы 3-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

ИНТЕРНЕТТЕГІ АЛАЯҚТАР

Әлеуметтік желідегі сауда-саттықтың қыр-сырын меңгерген алаяқтар қара базардағы әккі алыпсатарлардан асып түсті. Арзан баға мен тегін жеткізу қызметін ұсынушылар күн сайын әлеуметтік желідегі жеке парақшамызға жазылып, түрлі науқан мен жеңілдіктер туралы жарнамасымен қызықтырып қояды. Әрине, ұтымды ұсыныс, қолжетімді баға көпшіліктің көңілінен шығады. Ондайда арзанның құны татымайтынын елей бермейміз.

(Соңы 2-бетте)

ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІНІҢ НАЗАРЫНА!

АПАТҚА КІНӘЛІЛЕР АНЫҚТАЛҒАН ЖОҚ

ТӨМІР ЖОЛЫНЫҢ ТАҚТАЙДАЙ ТЕГІС ЕМЕСТІГІ БАҒЫДАН БЕЛГІЛІ ҒОЙ. МЫНА ӨМІРДЕ КЕЗДЕСІП ҚАЛАТЫН ІРІЛІ-ҰСАҚТЫ ОҚИҒАНЫ СОҒАН СЫЙҒЫЗЫП ҚОЯ САЛАТЫНЫМЫЗ ТАҒЫ БАР. ОСЫНДАЙДАН ҚАНШАМА ЖАН ЖАПА ШЕГІП, ОЛАРҒА ЗӘБІР КӨРСЕТКЕН ҚЫЛМЫСКЕР ЖАЗАСЫЗ ЖҮР...

Өз басымнан өткен жағдайды баяндай кетейін. 2019 жылдың 20 қаңтарында кешкі сағат 20:00 шамасында облыс орталығындағы Шевченко көшесінің бойында тұрған 2 адамды көлік қағып, екеуін де ауыр халде тастап, қашып кетеді. Сол екеудің бірі менің балам Нұрбол Абназаров еді. Үлкен ұлыма хабар ертерек тигенмен, денсаулығымды ойлап маған айтпапты. Нұрболымның қалалық аурухананың жансақтау бөліміне түскенін ертесі білдім. Барсам, балам ес-түссіз жатыр екен, сыртынан ғана көрдім. Дәрігерлер де ештеңе айта қоймады. Баламның жағдайы ауыр екендігі жай көзге де көрініп тұр. Тек бар білгеніміз, Нұрболдың қазіргі жағдайы отаны көтермейтіндігі. Дәрігерлер баламның беті бері қараса, отаға кірісетінін айтып жұбатты. Амал не, Нұрболым сол жатқаннан есін жимастан үзіліп кетті.

Баламды жер қойнына тапсырған соң, мәселенің мән-жайын білмекке полиция департаментіне хабарластық. Жол-көлік оқиғасы болған жерге қалалық ішкі істер басқармасы қызметкерлері барыпты. Ешқандай дәлелдеме таппай тек, «екі адамды маркасы белгісіз көлік қақты» деген ұйғарым жасап қайтқан көрінеді. Адам өліміне соқтырған оқиғаны жасаған «Лада Приора», «Ауди 80» немесе «Фольксваген» автокөлігі деп болжам жасапты.

Артынша баламды көлік қаққан жерге өзім де бардым. Сол маңды байқастап жүргенімде жақын маңдағы үйлердің бірінен шыққан әйел менің зардап шеккен жанның әкесі екенімді білгесін қолыма жаңа ұялы телефон салынған пакет ұстатты. Сөйтсем, балам оны соның алдында ғана сатып алған екен. Оқиғадан кейін жол жиегінде жатыпты. Полицейлердің осыны аңғармағанына қайран қалдым.

Жол-көлік оқиғасы болған жер қуыс-қалтарысы көп, Батыс мөлтекауданындағы көпір арқылы сыртқа да шығып кетуге қолайлы аумақ. Оқиға болған жерден Мерей, Батыс мөлтекаудандары арқылы қала сыртына қарай 4 көше өтеді, оларды 8 көше қиып жатыр. Осы ауданда 3 мектеп бар. Егер полиция қызметкерлері көшелерді жауып, сабақтан қайтқан оқушылардан сұрау алып, тиісті деректерді дер кезінде жинастырғанда қылмыс істеген көлік алысқа ұзамас еді.

Баламды қаққан көліктің бақылау камерасына дұрыс түспегені де көңілімдегі күдікті қоюлатып отыр. Кейін есімізді жиып, сол аудандағы бейне-камераларды қарадық. Бірақ кеш қалыппыз, оқиға болған күні түсірілген таспалар уақыты өткендіктен өшіріліп кетіпті.

(Соңы 4-бетте)

ОЙТАЛҚЫ

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫ АЗАЙТУДЫҢ ЖОЛЫ ҚАЙСЫ?

Жасөспірімдер арасындағы қылмыс соңғы уақытта жиілеп кетті. Оған не себеп? Кәмелетке толмағандармен жасалатын құқықбұзушылықты қалай азайтамыз?

Гүлнар САҒЫНБЕКОВА, ***Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы:***

– Қазіргі таңда бұл тақырып күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың көбеюіне не себеп? Шындығында, себеп көп. Біріншісі – қоғамдық жағдайлардан туындауы мүмкін. Яғни, бұл топтағы жастардың араласатын ортасының дұрыс болмауы, еліктеушілік, тіпті, жұмыссыздық та әсер етеді. Екіншісі – әлеуметтік себеп-салдар. Атап айтсақ, отбасындағы тәрбиенің дұрыс болмауы, ата-ана тарапынан бақылаусыз қалуы, ата-аналарының ішімдікке салынуы, отбасындағы материалдық әл-ауқаттың төмендігі. Үшіншісі, тәрбиелік жұмыстардың әлсіздігі.

Ақнұр ТӘУЕКЕЛ, ***психолог:***

– Жасөспірім кезең – балалық шақтан ересектікке өтетін, үнемі қиын, критикалық қақтығыспен сипатталатын адам онтогенезінің күрделі уақыты. Баланың әрбір даму сатысында, олардың психикалық қасиеттері, тұлғалық және мінездегі ерекшеліктері қалыптасып, дамып отырады. Бала даму барысында әлеуметтік ортаға бейімделуі немесе керісінше бейімделмей, жатсынып кетуі немесе ойламаған іс-әрекеттер жасап, күтпеген шешімдер қабылдауы мүмкін. Осындай кезеңде балаға ата-ананың қолдауы қажет. Сол себепті жасөспірімнің тұлға ретінде дамуына, қоғамда жүруіне – отбасындағы психологиялық жағдай және атмосфераның әсері үлкен. Мәселен, ажырасқан отбасылардағы жанұя мүшелерінің бір-бірімен дұрыс қарым-қатынаста болмауы жасөспірімді қылмыс жолына итермелейді.

(Соңы 3-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

ИНТЕРНЕТТЕГІ АЛАЯҚТАР

Бас қаладағы жағдай бас ауыртатын халде

Елімізде интернеттегі алаяқтықтың саны күннен-күнге өсіп келеді. ІІМ Криминалдық полиция департаменті бастығының орынбасары Қанат Нұрмағамбетовтің айтуынша, биыл үш айдың өзінде осындай 6824 қылмысты тіркелген.

Бүгінде бас қаладағы жағдай бас ауыртатын халге жеткізіп отыр. Нұр-Сұлтанда еліміздің басқа өңірлерімен салыстырғанда интернет-алаяқтық ең көп тіркелген. Былтыр өсім 59% -ға жетіп, жартысынан көбі ашылмаған. Өйткені, қылмыскерлердің көпшілігі іс жүзінде өзге елдерде болғандықтан, оларды табу мен жазалау өте қиын.

Пандемияны пайда табудың көзіне айналдырған әккілердің әрекетінде шек жоқ. Өзін Құралай деп таныстырған келіншек дүкен сөресіндегі құнды көйлекті әлеуметтік желіден жүз есе арзан бағада көргенде алғашында өз көзіне өзі сенбегенін айтады. Сондықтан бірден тапсырыс беруден бас тартып, ойланып көргісі келетінін жеткізеді. Бірақ интернет дүкеннің иесі Құралайға күн сайын қоңырау шалып, әртүрлі акциялар туралы әдемі ұсыныстар жасайды. «Таңдаған тауарымды пошта арқылы жіберетіндерін айтқан соң, толық соманы төледім. Бірнеше күннен кейін тауарым келді. Сөйтіп алған затымды көрсем, мен таңдаған көйлектен мүлде басқа. Сапасыз дүниені жіберіпті. Тапсырыс берген телефон нөміріне хабарлассам, қоңырау бармайды. Интернеттегі шағым кітабынан дәл мен секілді сатушыны іздегендердің қарасы көп екенін білгенде, алданғанымды түсіндім. Дереккөздер арқылы іздестіріп едім, қаладағы ескі теміржол бекетінің кассасын көрсетті», – дейді Құралай.

Жеңілдік десе желп ете қаламыз

Интернеттегі сауда жасау және қызмет көрсету қарқыны өскен сайын алаяқтар да сан түрлі айлаға көше бастады. Қазір өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып жеке деректерді иемденіп алған соң, онлайн-несие рәсімдейтіндер көбейген. Сондай-ақ, жалған интернет-хабарландырулар орналастырып, түрлі сайт жасайтындардың да қармағына ілінгендердің қарасы жетерлік. Мысалы, Instagram әлеуметтік желісінде әйелдер киімін сату туралы жалған хабарландыру жариялап 40 адамды сан соқтырған Жамбыл облысының тұрғыны ұсталды. Қарағанды облысында да ғаламторда автобөлшектерді сату бойынша жалған хабарландыру орналастырған 23 алаяқтың қолына кісен салынған. Ал Солтүстік Қазақстан облысында азаматтар құжатының көшірмесін пайдаланып, онлайн-кредит ресімдеу жолымен 50 ұрлық жасаған алаяқ ұсталды. Биыл наурызда WhatsApp мессенджерінде «ставкадан Касса» атты чат анықталған. Онда спорттық оқиғаларға тиімді ставкалар арқылы 50% кіріс алу ұсынылған. Чат әкімшісі Тараз қаласының тұрғыны болып шыққан, оның қитұрқы әрекетінен 30-дан 100 мың теңгеге дейін ақша салған 14 азамат жапа шегіпті. Шымкентте де уатсап арқылы ақшаны көбейтіп беруге кеңес қылған алаяқ тұрғындарға 4 млн. теңге материалдық залал келтірген.

Киберқылмыспен күрес қызметінің мамандары қылмыскерлер ақша мен жеке деректерге қол жеткізу үшін әлеуметтік инженерия әдістерін қолданатынын айтады. Бұл азаматтардың ұялы телефондарына «банк өкілі» ретінде хабарласып, азаматтардың карточкалық шотындағы күдікті операциялар туралы хабарлаған кезде тіркеледі. Олар банкке қажетті деген сылтаумен пластикалық картаның дерегін, нөмірін және артқы жағында көрсетілген 3 таңбалы кодты нақтылауды ұсынады. Кейде алаяқтар кез келген уақытта қоңырау шалып немесе абоненттік нөмірлерге СМС-хабарламалар жібереді де, компанияның бірлесіп жүргізіп отырған шаралары туралы хабарлайды. Одан кейін сізге науқанның байланыс операторымын деп, оның нәтижелері бойынша абоненттік нөміріңіз ұтысты болғанын жеткізіп, сүйінші хабар айтады. Бір қызығы, ұтысты тұрғылықты жерден емес, басқа қаладан алу немесе оның құнын пластикалық картаға аударуды ұсынатындар көп. Мысалы, жыл басында Павлодар қаласының тұрғыны өзін «Самсунг электроникс» ЖШС қызметкері ретінде таныстырып, құнды жүлденің ұтыс билетін беріп жіберу үшін жәбірленушілерден 10 мыңнан 50 мың теңгеге дейін талап еткен.

Әлеуметтік инженерия: ол не?

Қазір алаяқтар қолданатын әлеуметтік желілер арасында Telegram мессенджері алдыңғы қатарға шыққан. Соңғы уақытта өзге адамның әлеуметтік желідегі аккаунтын пайдаланып, қаржылай көмек сұрайтын алаяқтардың әрекеті әлдеқайда көбейген. Бұған дейін танымал тұлғалардың, әлеуметтік желі белсенділерінің жалған аккаунттарын жасау арқылы азаматтардан ақша сұрау жиі кездесетін болса, қазір алаяқтар қарапайым азаматтардың өзіне ауыз салуға көшкен. Алаяқтық схемасы қарапайым. Олар кез келген адамның әлеуметтік желідегі жалған аккаунтын жасап, сол арқылы оның жақын туыстарына, достарына не өзге таныстарына хат жазу арқылы белгілі бір банк картасына ақша аударуын сұрайды. Мұндай деректер, әсіресе, Telegram мессенджерін пайдаланушылар арасында жиілеген. KZ-CERT компьютерлік оқиғаларға әрекет ету қызметінің мамандары шабуылға ұшырағандардың әлеуметтік желілерде байланыс деректерінің дербестігін сақтамағанын, сондай-ақ, байланыс деректерінің еркін таралып кеткенін көреді. «Мәселен, сіз белгілі бір зат не тауарды сату туралы хабарландыруды интернетте орналастырдыңыз делік. Алаяқтар сізге хабарласып, оны сатып алу жөнінде келісіп, банктік картаңызға тауарға ақша аудару үшін сілтеме жібереді. Одан әрі сілтеме бойынша өтіп, банк картаңыздың CVV/CVC-коды көрсетілген деректерін енгізу ұсынылады, оларды енгізген соң банк картасының шотынан ақша алынады. Осылай алаяқтар әлеуметтік инженерияның көмегімен төлем картасының мәліметін алып, қаржыға оңай қол жеткізеді», – дейді қызмет мамандары.

Нұр-Сұлтан қаласы ПД КПБ киберқылмыспен күрес бөлімінің бастығы, полиция майоры Талғат Бөлегенов елордада өздерін банк қызметкері ретінде таныстырған алаяқтар азаматтардан банк деректемелері мен СМС-парольдерін түрлі жолмен қолды еткенін айтады. Мәліметтерге оңай қол жеткізген әккілер елорданың 300-ден астам тұрғынын сазға отырғызған. Olx және kolesa жеке жарнама сайтында да алаяқтардың арбауына түскендер көп. Сайттарда тауарларын сатылымға қойғандарға алаяқтар іс жүзінде жоқ жеткізу қызметін ұсыныпты. Олар сатушыларға осы сайтқа ұқсас сілтемені жіберіп, сауалнама толтыртқанда банк картасының деректемелері бар сұраққа жауап беруін өтінеді. Осындай тауарынан бір, жинақтарынан екі айырылған 600 зардап шегуші алаяқтардың үстінен арыз жазған. Құқық қорғаушылар тұрғындарды интернеттегі әккілердің әрекетінен абай болуға шақырғанымен, кибер алаяқтардан зардап шеккендердің саны азаяр емес. Осы жылдың І тоқсанында елорда аумағында 1200 интернет-алаяқтық тіркелген, бұл өткен жылмен салыстырғанда үш есе көп.

Оңай олжа опық жегізеді

Оңай олжаға кенелемін деп опық жеп қалмау үшін қарапайым ғана қауіпсіздік шараларын сақтап, дербес деректерді өзіңнен басқа ешкімнің білмеу керектігіне назар аударткан ІІМ Криминалдық полиция департаменті бастығының орынбасары Қанат Нұрмағамбетов, құпия мәліметті тіпті банк немесе полицейлердің өзіне айтпауды ескертеді. Оның ішінде, белгісіз сайттарды тексермей тұрып, алдын ала төлем жүргізбеуге шақырады. Қазіргі жағдайда тауарды алғаннан кейін ғана төлем жасамаса, күмәнді мәмілелердің соңы сан соқтыруы мүмкін. Ал смартфонға немесе компьютерге функционалдығы белгісіз қосымшаларды орнатудан аулақ болған жөн. Әйтпесе, күмәнді қосымшалардың өзінен қауіп бар. Бұдан бөлек, телефонға келетін түрлі сілтемелер мен спам-жіберілімдерді ашамын деп, алаяқтардың арбауына түсіп қалу әбден мүмкін.

Жадыра МҮСІЛІМ

АЙТАРЫМ БАР

Айлығы аз директор ақшасын көбейтудің «амалын» іздейді

Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап мұғалімдердің жалақысы жыл сайын 25 пайызға көтеріледі. Алайда, мектеп директорларының жалақысы 2015 жылғы деңгейде. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты Талғат Нәрікбаевтың айтуынша, бұл мәселе тез арада шешімін таппаса, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері көбеюі мүмкін. Қазіргі уақытта мектеп директорының лауазымдық жалақысы 180 мың теңге, бас бухгалтердің жалақысы 112 мың теңге шамасында. Ал мұғалімдердің жалақысы 450 мың теңгеден 600 мың теңгеге дейін жетеді.

«Менің ойымша, егер бұл мәселенің шешімін қазір таппасақ, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері айтарлықтай артады. Біріншіден, мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі арасындағы жалақы айырмашылығы сөзсіз әкімшілік ресурстарды пайдалануға итермелейді. Екіншіден, бәсекеге қабілетті менеджерлер қазіргідей жалақыға мектепте жұмыс істегілері келмейді (атап айтқанда, материалдық жауапкершілігі жоғары позицияда). Үшіншіден, төмен жалақы үшін жұмыс істеуге келісетін біліксіз басқарушылар мекеменің қызметін сапалы жүргізе алмайды, оның ішінде – қызметкерлерді кәсіби тұрғыда жұмысқа қабылдай алмайды. Нәтижесінде, тәрбие мен оқыту процесі сапасыз жүргізіледі, бұл мектеп түлектерінің біліктілік деңгейінің төмендеуіне әкеліп соқтырады»,– дейді Талғат Нәрікбаев.

Елордалық білім басқармасының басшылығымен кездесу барысында бұдан бөлек, бірнеше өзекті мәселе талқыға салынды. Мәселен, басқарма басшылығы мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған мектептерді 2025 жылға дейін шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынға ауыстыру жоспарланғанын айтып отыр. Жаңа ұйымдық нысан дербес жедел басқару және оларға берілген мемлекеттік ақшалай қаражатты иелік ету бойынша өкілеттікті кеңейтуге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда қаладағы 90 мектептің тек 15-і ғана ауыстырылды.

Депутат кәсіподақпен бірлесіп, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.Көлгіновтің атына білім беру мекемелерінің әкімшілік-қосалқы персоналының жалақысын арттыру жөніндегі ұсынысты қарауын өтініп, хат жолдады.

«Менің ойымша, бұл мәселе – Нұр-Сұлтан қаласының білім беру саласын одан әрі дамыту үшін аса маңызды және дереу шешуді талап етеді. Білікті кадрлар – кез келген ұйымның басты құндылығы. Орта білім беру саласында бәсекеге қабілетті менеджерлер болмаған жағдайда біз жыл сайын осындай проблемаларға тап болатынымыз анық»,– деп қорытындылады ол.

А.ҚҰРМАНҒАЛИ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

Еңбек дауын ерте шешкен орынды

Еңбек дауы бұрын да болған, қазір де өзекті мәселенің бірі саналады. Себебі, еңбек нарығында барлық іс даусыз шешіле бермейді. Дегенмен, жұмыс беруші мен жұмысшының арасындағы келіспеушіліктерді сотқа жеткізбей, дер кезінде шешкен тиімді.

Қазақстан құқықтық мемлекет болғандықтан, азаматтардың құқықтық мәдениеті жоғары дегенді жиі айтамыз. Статистикалық деректер елімізде жоғары, орта арнаулы білім алушылардың саны жыл сайын көбейіп келе жатқанын көрсетеді. Алайда, күнделікті тәжірибеден байқағанымыздай жоғары білім мен құқықтық сауаттың өсуі еңбек дауларына шектеу қоя алмай отыр. Қарапайым ғана мысал. Бізде еңбек келісімшартын жасамай тұрып жұмысқа білек түріп кірісіп кететіндер көп. Еңбек келісімшарты – әр азаматтың жұмыстағы тәртіп пен талапқа бағынуының, қауіпсіздікті сақтап, еңбегіне сай жалақы алуының кепілі. Келісімшартқа мән бермейтіндер, құжатта не жазылғанына көңіл бөлмей қол қоя салатындар басына іс түсіп, құқығын қорғайтын кезде ғана бармақ тістеп жатады. Өйткені, кез келген жұмыс беруші қарауындағы жұмысшының емес, ең әуелі өзінің мүддесін жоғары қояды. Дауласқан кезде ұтылмаудың, басымдыққа ие болудың тетіктерін көздейді. Жұмыс берушілер көп жұмыс істетіп, аз айлық берудің амалын жасаса, жұмысшылар өз еңбегіне сай жалақы төлеттіруді мақсат тұтады. Сондықтан өзін бағалаған азамат қызметке тұрған кезде алғашқы қадамын келісімшартты оқып, ондағы түсініксіз тұстарды айқындап барып, қол қоюдан бастауы керек.

Әдетте бір-бірімен түсініскен, өз міндеттерін барынша адал атқаруға тырысатын тараптар кемшілікті шиеленіске жеткізбей шешуге күш салады. Еңбек дауы ұжымдық және жеке болып бөлінеді. Сонымен бірге мұндай даулар екі сатыда қаралады. Алдымен тараптардың келісімі бойынша дауды реттеуге қадам жасалып, одан нәтиже шықпаған жағдайда келіспеушілік сот тәртібімен қаралады. Осы ретте екі тараптың түйткілін сотқа дейін реттеу мақсатында келісу комиссиялары жұмыс істейтінін атай кеткен жөн. Келісім комиссиясы тараптардын бірлескен шешімі бойынша жұмыс берушілер мен қызметкерлердің саны тең өкілдерінен тепе-тең негізде құрылады. Ал оның ұйымдық-техникалық жақтан кедергісіз жұмыс істеуін жұмыс беруші қамтамасыз етуі тиіс. Бұл да жұмысшы мен жұмыс беруші арасындағы дауды созбай, ерте бастан шешуге көмектеседі.

Жанель НҰРСЕЙІТОВА,
Алматы қаласы Алатау аудандық сотының судьясы

ЖЕГІҚҰРТ

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС НӘТИЖЕСІЗ ЕМЕС

Жемқорлықсыз қоғам құру бүгінгі күні еліміздің басты мақсаттарының бірі болып отыр. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесі әрқашан биік мінберлерде көтеріліп, Мемлекет басшысының басты назарында. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес



мәселелері жөніндегі кеңесте сөйлеген сөзінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тұрмыстық сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесіне айрықша тоқталып, «Күнделікті өмірде жемқорлық жағдайларына тап болған жұрт шарасыз күйге түседі, әділдіктің бар екеніне сенбейді. Пандемиямен жалпы ұлттық деңгейде жаппай күрес жүріп жатқанда пайда табу үшін адам қаншалықты арсыз болуы керек? Қоғамды жемқорлықтан жаппай жиренуге қол жеткізуіміз қажет» деген болатын.

Расында да, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимыл, онымен ымырасыз күрес қоғамның өзекті мәселесінің біріне айналғалы көп жылдың жүзі болды. Әсіресе, пандемиялық кезеңде жемқорлықпен қарқынды күресіп, кеселдің жолын кесу шаралары ашық жүргізілуі керек болып отыр. Жемқорлықтан жирендіру үшін қоғамның әрбір мүшесінің оған деген қарсылығы маңызды екені айтпаса да түсінікті. Сондықтан дәл қазір осы бағыттағы жұмысқа көңіл бөлген жөн.

Жалпы жемқорлықпен күресте елімізде түрлі тәсілдер қолданылуда. Мәселен Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет бағынышты тұлғаларының сыбайлас жемқорлығы үшін басшылардың жауапкершілігі заңнамалық деңгейде бекітілді. Нәтижесінде мемлекеттік қызметшілер, егер олардың тікелей бағынышты тұлғалары сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған жағдайда, отставкаға шығуға міндетті болып бекітілді. Қарамағындағы қызметкердің тазалығын қатаң қадағалау үшін бұл өте қажетті қадам болды деп санаймын. Сондай-ақ «Antikor ortalygy» фронт-кеңселерін құру арқылы жергілікті жерлерде тұрмыстық жемқорлықтың тамырына балта шабуға әсер ете алатынымызға сенім мол. Жалпы, соңғы кездері қолға алынған «Адалдық алаңы», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», Антикор орталығы секілді жобалардың барлығы жемқорлыққа қарсы бастамалар. Олардың әрқайсысының қоғамда тазалықтың сақталуына өзіндік ықпалы болары анық. Кеселдің алдын алу бойынша кешенді және мақсатты жұмыстар жүргізудің арқасында сыбайлас жемқорлық деңгейі жыл сайын төмендеп келеді.

Дастан СЛЯМКУЛОВ,
Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БЕРЕКЕ БАСТАУЫ – БІРЛІК

(Соңы. Басы 1-бетте)

2021 жылы 28 сәуірде «Бірліктің, татулық пен келісімнің 30 жылы» күн тәртібіндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIX сессиясы өтті. Сессияға төрағалық еткен Қазақстанның Тұңғыш Президенті, Нұрсұлтан Назарбаев жиналғандар алдында сөз сөйледі. Елбасы кең байтақ Қазақстандағы барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйыстырып, республикадағы тұрақтылықты сақтау мен ел дамуына жұмылдырып отырған бірегей институт қызметінің қорытындысын шығарып, оның ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығында мемлекетіміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық негіздерін қалыптастыру мен нығайтуға қосқан үлесін және тарихи маңызын атап өтті.

– Осы жылдар ішінде мен әрдайым халықтың татулығын, бақуат әрі үйлесімді өмірін, еліміздің қауіпсіздігін, тұрақтылық пен тыныштықты басты орынға қойдым. Соғыс, діни және этносаралық қақтығыстар халқымыздың тыныш өміріне қауіп төндірмеуін, біздің байтақ Отанымыз бейбітшіліктің құтты мекені болғанын қаладым. Бүгінде сол арманым орындалды. «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» Конституциялық заңға, «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заңға сәйкес, маған Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы лауазымын өмір бойы атқару құқығы берілген. Жалпы, мен сіздермен барлық уақытта бірге боламын әрі одан бас тартпаймын. Дегенмен, Ассамблеяны басқаруға қатысты бірқатар құзырет еліміздің Президентіне жүктелген. Тіпті, бұл да маңызды емес. Қазақстан халқы Ассамблеясы тірек ретінде іс басындағы Президенттің жанында тұруы тиіс және екінші жағынан Мемлекет басшысы да Ассамблеяға арқа сүйейді. Сондықтан мен Ассамблеяны басқару құқығымды Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа беру туралы шешім қабылдадым», – деді өз сөзінде Елбасы.

Сессия жұмысына қатысқан Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз кезегінде Нұрсұлтан Назарбаевқа «Қазақстан халқы Ассамблеясының Құрметті Төрағасы» мәртебесін беруді ұсынды.

Сессия барысында Елбасы Ассамблеяның алдына қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті одан әрі нығайту бойынша нақты міндеттер қойды. Алқалы жиын соңында Үндеу қабылданып, Елбасының татулық пен келісімнің қазақстандық бірегей моделін құрудағы тарихи рөлі айрықша аталып өтілді.

Татулықтың бірегей үлгісі

Елбасы құрған бірегей институт Н.Назарбаевтың бейбітшілік пен келісім саясатының мәні мен мақсатын ашып көрсете отырып, Қазақстан халқын біріктіруге басымдық берді. Тағдыр табыстырған, тарих тоғыстырған түрлі этнос өкілдері азаттықтың арайлы таңында ортақ Отанымыздың іргесін бірге қаласты. Алғашқы күннен-ақ, мызғымас бірлік пен татулықтың көрінісіне айналған Ассамблеяға кепілдендірілген Парламенттік өкілдіктің берілуі де оның қоғамдағы рөлін арттыра түсті. ҚХА құрылған сәтінен бастап қоғамдық инфрақұрылымдарды біріктірді. Бүгінде Ассамблея аясында 1025 этномәдени бірлестік жұмыс істейді, оның ішінде 28-і республикалық мәртебеге ие. Сондай-ақ еліміз бойынша 40 Достық үйі тұрақты жұмыс істеп тұр. Әр халықтың төл мәдениетін, тілін, ділін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін дамытуға қолайлы жағдай жасалған.

Толеранттылықты сақтап, елімізді ұлтаралық келісім мен бірліктің мекені ретінде әлемге танытып, бірліктің қазақстандық бірегей үлгісі қалыптасты. Өнегелі ізгі бастамаларымен жаһандық бейбітшілікке зор ықпал еткен Қазақстанның тағылымды тәжірибелері әлем жұртшылығына үлгі болды.

БҰҰ Бас хатшылары Кофи Аннан мен Пан Ги Мун Қазақстанға келген сапарлары барысында Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметімен танысып, «Ассамблея принципі БҰҰ-ның жұмыс принципімен толық сәйкес келеді» деп атап өтті.

Қазақстан 1992 жылдың 30 қаңтарында Еуропадағы Қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) мүшелігіне қабылданғалы бері еліміз ге табан тіреген ЕҚЫҰ-ның аз ұлттар жөніндегі Жоғарғы комиссарлары Макс Ван дер Стул (1996 ж.), Рольф Экеус (2005 ж.), Кнут Воллебек (2007, 2009 жж.), Астрид Турс (2015 ж.) Қазақстанның даму үдерістері мен ұлтаралық саяси бағытына жоғары баға берген болатын.«Этникааралық ынтымақтастықтың үздік моделін құру жолында Қазақстанда ауқымды жұмыстар жүргізілгені көрініп тұр. Соның нәтижесі болар, бүгінде Қазақстанды мекендеген әрбір этникалық топтың мүшесі өзін үлкен бір отбасының мүшесі ретінде сезінеді. Мұның барлығы менің өз көзіммен көрген шындық. Сондықтан қазақстандық модель секілді жемісті тәжірибелердің маңызы жоғары. Бұл қоғамдық қақтығыстарға қарсылық танытудың тиімді шешімі болып табылады», – деп баға берген еді ЕҚЫҰ-ның аз ұлттар істері жөніндегі жоғарғы комиссары Ламберто Заньер.

Ассамблея атқарған шаралар

Әлемді жайлаған COVID-19 індеті басталып, елімізде коронавирус пандемиясына қарсы жарияланған төтенше жағдай кезінде Ассамблея алғашқылардың бірі болып «Біз біргеміз!» республикалық акциясын іске асыруға атсалысты.Акция аясында ҚХА мүшелері жалпы сомасы 1 млрд 497 млн теңгеге көмек көрсетті. 2 млн 200 мыңнан астам медициналық маска таратты.

Су тасқынынан зардап шеккен Түркістан облысы Мақтаарал ауданының тұрғындарына 335 тонна гуманитарлық көмек және құрылыс материалдары жіберілді.

Ассамблеяның «Мың алғыс» қайырымдылық бастамасы аясында 7 мың медицина қызметкерінің отбасына 77,7 млн теңгеге көмек көрсетілсе, «Мектепке жол» акциясы барысында 6 мың оқушыға ноутбук таратылды.

Сонымен қатар Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай «Жыр орталығы» онлайн-жобалары, «abai175» челленджі, халықаралық онлайн-конференция, «Біз Абаймен біргеміз!» онлайн поэзия фестивалі ұйымдастырылып, этнос өкілдері Абайдың өлеңдерін оқып, әлеуметтік желілерде 1 мыңнан аса бейнеролик жариялады.

Волонтерлар жылында Ассамблея 30 орталық құрып, 12 мың волонтердің қатысуымен 1200 іс-шара өткізілді, 430 мың адамға гуманитарлық көмек көрсетілді. «Автоволонтерлік» жобасы бойынша облыс орталықтарында 50-80 автокөлік провизорлық госпитальдарға қызмет көрсетіп, көмек таратумен айналысты.

Мемлекеттік тілдің рөлін күшейту және оны этносаралық қатынас тілі не айналдыру мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясының қазақ тілін үйрену жөніндегі Бірінші конгресі және дәстүрге айналған жыл сайынғы «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» форумы өткізілді. «Даналық әліппесі» және «Абай» интерактивті кешендері енгізілуде, «Қазақтану» және «Мың бала» мәдени-ағартушылық жобалары іске асырылуда, «Мәміле» және басқа да қазақ тілін оқыту клубтары жұмыс істейді.

Халық бірлігі мерекесі күні ел азаматтары ұлт пен ұлыстың өткен кезеңдегі тарихы мен оның сабақтарын дәріптеп, әлемдік қауымдастық тарапынан жоғары бағаланған қазақстандық татулық пен келісімді паш етеді. Ұлтаралық келісім мен дінаралық татулықтың алтын бесігін тербетіп отырған діні басқа, тілі басқа болғанымен, бір шаңырақ астына жиналған тілегі бір ұлт пен ұлыс өкілдерінің татулығы жүректерге сенім, көңілдерге қуаныш ұялатады.Бұл жетістікті бағалау, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету – әрбір Қазақстан азаматының міндеті. Ендеше, бағалай білгеннің ғана басында бақыт тұрақтайтынын естен шығармайық.

Дайындаған
Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

ДАБЫЛ

ҚАРАУСЫЗ БАЛА ҚЫЛМЫСҚА ҰРЫНАДЫ

Осыдан бірнеше жыл бұрын еліміздегі қылмыс түрлері жасарып келеді дегенді естігенде таңқалатынбыз. Бүгінде оған етіміз үйреніп кетті. Өйткені, жасөспірімдер арасында қылмыс өршіп тұр.

Мамандардың айтуынша, кәмелет жасына толмағандардың жұмыссыз қалуы, оларды жұмысқа тұрғызу мәселесінің тиісінше шешілмеуі, өзі ұнататын еңбекпен айналыспау, бос уақытты мазмұнды пайдаланбау мен отбасында қамқорлықтың болмауы – жасөспірімдерді қылмысқа итермелейтін себептер. Кейбір ақпарат көздері бойынша, жасөспірімдер жасайтын қылмыс үлесі – 53% болса, оның ішінде тонау – 10 %-ды, ал қарақшылық шабуыл – 15%-ды құрап отыр. Жыл сайын ішкі істер органдарына әртүрлі құқық бұзушылығы үшін 100 мыңға жуық жасөспірім жеткізілсе, оның 9 мыңнан астамы немесе жеткізілгендердің жалпы санының 9,4%-ы панасыз және қадағалаусыз қалған балалар. Әлеуметтанушылардың айтуынша, көптеген жасөспірім қылмыскерлердің күнделікті іс-әрекеттеріне отбасы, оқу орындары, еңбек ұжымдары тарапынан ешқандай бақылау болмағандықтан, соңы қылмыстық әрекетке ұласып жатыр. Ал психологтар кәмелетке толмағандардың криминалды белсенділігі жасөспірімдік жастағы тұлғалардың жас ерекшеліктерімен байланысты дейді.Олар бұл кезеңде жаңалық ашуға, осыған дейін беймәлім нәрсені көріп, білу мен өзінің дұрыстығын дәлелдеп беруге ұмтылып тұрады екен. Сонымен бірге, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың көбеюі балалардың бос уақытын ұйымдастыра алмауы мен олардың нақты бір мақсат-мүддесінің жоқтығынан. Бұл тұрғыда ата-аналардың көпшілігі жұмысбастылық салдарынан балаларына жеткілікті көңіл бөлмейтіндігін де айта кету керек.

Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Осыған байланысты, Қазақстанда кәмелеттік жасқа толмағандарға арналған 19 бейімдеу орталығы жұмыс істеп тұр. Одан өзге биыл кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде және заңды өкілдерінің алып жүруінсіз тұрғын үй-жайлардан тыс жерлерде болғаны үшін 1607 ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Алайда, Алматының ювеналды полициясының мәліметіне сүйенсек, жасөспірімдер арасында қылмыс, керісінше, азайған екен. Яғни, 2021 жылдың 1 тоқсанының қорытындысы бойынша Алматы қаласында жасөспірімдер қылмысы 36%-ға, оның ішінде ауыр қылмыс түрлері 16,6%-ға төмендеген. Бұл ретте қылмыстың 52,6%-ын сырттан келген жасөспірімдер жасаған. Ал кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстар саны 24,3%-ға азайған. Дегенмен, өкінішке орай, кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқығын қорғау аясында атқарылып жатқан іс-шаралардың шамасы жасөспірімдердің қылмыстылығын түбегейлі жоюға келмей тұр.

Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ

Сіз не дейсіз?

Эльвира АЛИМОВА, ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының Қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының доценті, PhD докторы, полиция полковнигі:

– Соңғы үш жылда жасөспірімдер арасындағы қылмыс жиіледі. Атап айтсақ, кісі өлтіру, ұрлық, тонау, бұзақылық, алаяқтық қылмыстары белең алуда. Тіпті, алдын ала жоспарланып, дайындалып, техникамен жабдықталған қылмыстар да бар. Бұл қылмыстарды жасөспірімдер көбінесе топтасып жасайды. Кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстардың арасында ерекше орын алатыны – бұзақылық. Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарында мектеп жасындағылар «пышақтап кеткен»,«атып кетті» деген ақпараттарға құлағымыз үйрене бастады. Меніңше, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың көбеюіне әсер ететін бірнеше фактор бар. Мысалы, отбасындағы қолайсыз жағдай, сабаққа бармау, экономикалық жағдайдың төмендігі, өздерінің құқықтарын дұрыс білмеуі деп ойлаймын.

Жалпы, кәмелетке толмағандардың тұлға ретінде толық қалыптасып жетілмеуін және қылмыстық жазалаудың тұлғаға өте ауыр әсерін есепке ала отырып қылмыстық жаза тағайындауда кәмелетке толмағандар үшін біраз жеңілдіктер қарастырылған. ҚР заңдарына сәйкес кәмелетке толмағандарға өлім жазасы және өмір бойы бас бостандығынан айыру түріндегі жазалар қолданылмайды. Сонымен қатар, ҚР ҚК 79-бабына сәйкес кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазалардың түрлеріне мыналарды жатқызуға болады: айыппұл, белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, қамау, бас бостандығынан айыру. Бұл жазалар тағайындалған кезде де белгілі бір шектеулер қолданылады. Мысалы, айыппұл – кәмелетке толмаған сотталушы жалақы алатын болса немесе оның тәркілеуге жататын мүлкі болса ғана тағайындалады.

Шындығында, жасөспірімдер арасындағы қылмыс – бүгінгі қоғамның ауруы. Оны емдеу және алдын алу шараларын қолдану қажет. Ол үшін мемлекеттік органдармен байланыс орнату, жастар арасында патриоттық сезімді, мәдени құндылықтарды дамыту керек. Сонымен қатар жастардың құқықтық сауаттылығын көтерген дұрыс.

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫ АЗАЙТУДЫҢ ЖОЛЫ ҚАЙСЫ?

ОЙТАЛҚЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Гүлнар САҒЫНБЕКОВА, ***Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы:***

– Бұған жасөспірімнің рухани құлазуы, мінез-құлқының ауытқуы, психологиялық көмекті қажет етуі және тағы басқа жағдайларды жатқызуға болады. Жалпы, жасөспірімдер арасындағы қылмыстардың алдын алу мақсатында, бүгінде әртүрлі шаралар қолға алынып, жүзеге асып жатыр. Мысалы, құқық қорғау органдары тарапынан түнгі рейдтер жүреді. Сырттан келіп қылмыс жасайтындардың санын азайту үшін, әр ауданнан арнайы рейд жүргізетін топтар құрылады. Ол топқа жергілікті ювеналды полиция бөлімшелерінің қызметкерлері мен қылмыстық іздестіру қызметінің өкілдері кіреді. Бұған қоса, жасөспірімдер арасындағы қылмысты азайту мен алдын алудың басты жолдарының бірі – жастардың бос уақытын тиімді өткізуге жағдай жасау. Ол үшін білім, спорт немесе өнер бағыттарындағы үйірмелерді көбейтуіміз қажет. Сондай-ақ олардың қызметін тегін етудің жолдарын қарастырған жөн. Себебі, әртүрлі отбасы бар. Бірінің жағдайы келгенмен, енді бірінің қалтасы көтермейді. Сонымен қатар, ювеналды полиция қызметкерлерінің мәртебесі мен біліктілігін және жауапкершілігін көтеру де маңызды. Кәмелетке толмағандардың мінез-құлқындағы ауытқуды дер кезінде анықтау және тиісті шараларды қолдану қылмыстың алдын алуда негізгі рөл атқарады. Бұл мәселеге тек осы саланың мамандары ғана емес, тұтас қоғам ойлануы тиіс.

Ақнұр ТӘУЕКЕЛ, ***психолог::***

– Сонымен қатар, айырылыспай әрқашан ұрыс-керісте болатын жанұяның балалары да қылмыс жасауға жақын болып келеді. Отбасында баламен қатал қарым-қатынас жасау, яғни ұрып-соғу, балағаттау, ар-намысына тию де келеңсіздікке апарады. Балаға қатыгездікпен қарау, оны психологиялық және физикалық жағынан қорлаудың әсерінен жасөспірімде терең ішкі тұлғалық конфликт пайда болады. Ал оны қалпына келтіру үшін әр баланың ерекшелігіне негізделген психокоррекциялық жұмыстар қажет. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың өсуіне қоғамның қарқынды түрде әлеуметтік бөлінуі, қоршаған ортасы мен белгілі бір іспен айналыспауы да әсер етеді. Шыны керек, мектептен тыс уақытта кітап оқу, үйірмеге қатысу, не болмаса спортпен айналысу – қазіргі кезде жасөспірімдердің әрекетінен қалып бара жатқан құбылыс. Жасөспірімдер қылмысының алдын алу барысында олардың биологиялық және әлеуметтік тұрғыдан әлі де болса қалыптаса қоймағандығын ескерген дұрыс. Одан кейін балалардың ата-анамен арадағы қарым-қатынастары қандай деген сауалдың жауабын табуымыз керек. Әлеуметтік жағдайы нашар отбасында тәрбиеленген бала психолог, педагог және басқа да мамандардың көмегін қажет етеді.

Сауалнаманы дайындаған Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ

ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІНІҢ НАЗАРЫНА!

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осыдан кейін облыстық полиция департаментіне, прокуратураға арыз жаздық, неше мәрте бардық. Бірақ, еститініміз «іздеп жатырмыз» деген бір жауап. Осы аралықта полиция департаментінде неше басшы ауысты. Бәріне де хабарластық. Құқық қорғаушылардан қайран болмағасын сол тұстағы облыс әкімі Қырымбек Көшербаевқа арыздандым. Облыс басшысынан да, оның салаға жетекшілік ететін орынбасары Серік Сүлейменовтен де ешқандай жауап болмады. Әкімдіктегілердің өзі мәселемізге жүрдім-бардым қарағасын басқаларға не жорық?!



АПАТҚА КІНӘЛІЛЕР АНЫҚТАЛҒАН ЖОҚ

Бірақ мен ізденуді тоқтатқан жоқпын. Мемлекет басшысына да арыз жазып, Ішкі істер министрлігі арқылы тоқтап қалған істі қайта қозғаттық. Қазір қолыма полициядан келген бір бума қағаз ұстап жүрмін. Осы бір дорба қағаздың орнына «Баланды қаққан қылмыскер табылды» дегенді естісем, көңілім жай табар еді. Біздің құқығымызды қорғауға тиісті мамандардың мәселеге селсоқ қарауы тіпті кейде көңіліме күдік ұялататынын да жасырғым келмейді.

Балам осыдан бұрын он жыл Оңтүстік Кореяда жұмыс істеп келген. Кейде «сол Кореяда жүргенде осындй жағдайға ұшыраса не істер едім..» деп өзімді сабырға шақырам. Бірақ өз ортасына сыйлы, әрдайым жарқырап жүретін ұлымды өлтірген қылмыскердің жазасыз қалғаны есіме түскенде жаным шырқырап кетеді.

Сөз соңында сұрарым, ұлымды өлтірген қылмыскер қашанғы тайраңдайды? Оқиға болған жерді жүрдім-бардым қараған полиция қызметкерлері жауапқа тартылды ма?

Жергілікті полиция департаментінің басшылығы жалтарма сөзбен құтылмай, осы сұрақтарға шын жауап берсе екен.

Оспан АБНАЗАРОВ,
Қызылорда қаласының тұрғыны

РЕДАКЦИЯДАН:

Оқырман хатына орай Қызылорда облысының полиция департаментіне хабарласқан едік. Құзырлы орган өкілі жол апатына кінәлілерді әлі де іздестіріп жатырмыз депті. Екі жыл ішінде қозғалмаған бұл істің біздің сұрауымыздан кейін алға жылжитынына сеніміміз аз. Ал қапыда баласынан айырылған ата-ана екі жылдан бері әділдік іздейміз деп құзырлы орындардың есігін қағып, шығарып салма жауап естуден әбден шаршаған. Оларға «жазалаймыз, табамыз» деген сырғытпа сөзден гөрі, нақты іс керек. Жол апатына қатысты бұл істің алдағы қозғалысын «Заң газеті» бақылауында ұстайтынын қаперге салғымыз келеді.

ОҢ ҚАДАМ

ОНЛАЙН СОТТАР ОЙЫМЫЗДАН ШЫҚТЫ

Өткен жыл коронавирустың белең алуымен есімізде қалды. Індет сот жүйесін де айналып өтпеді. Дегенмен, еліміздің сот жүйесі ғаламдық өзгерістерге бейімделіп, сандық технологияға ден қойғандықтан, төтенше жағдай сот процесіне айтарлықтай әсерін тигізе қоймады.

Пандемия белең алмас бұрын Елбасының, Мемлекет басшысының әр жылғы Жолдауларда берген тапсырмасына сүйене отырып сот жұмысына жаңа технология жетістіктерін енгізу бойынша белсенді жұмыстар жүргізілген еді. Жоғарғы Соттың «Сот жүйесінің жеті түйіні» жобасы да сандық технологияны енгізуге серпін берді. Соған орай 2020 жылға дейін де сот процестері бейнебайланыс арқылы өтті. Ал пандемия уақытында сот процесі TrueConf, ZOOM платформалары, WhatsApp әлеуметтік желісі арқылы бейнебайланыс режимінде жүргізілді. Елімізде сот отырыстарының 95 пайызы онлайн режимде өтті. Бұл үрдіс Казталов аудандық сотында да қалыптасты. Сот процесінің онлайн режимде жүргізілетіндігі және қалай жүзеге асатындығы қос тарапқа да түсіндіріліп, алдын ала ақпараттандыру шаралары жүргізілді. Нәтижесінде нақты қолға алынған жұмыстардың арқасында аудан тұрғындары арасында бұл салаға қатысты дүрбелең орын алмады. Нақты сандарға тоқталар болсақ, Казталов аудандық сотында 2020 жылы 165 әкімшілік, 50 азаматтық, 16 қылмыстық іс, ал 2021 жылы 1 қылмыстық, 22 азаматтық, 45 әкімшілік іс онлайн режимде қаралды. Бұлардың қатарында карантин режимін бұзуға қатысты тіркелген фактілер де бар. Сонымен қатар азаматтардың шағымдары, сот құжаттарының айналымы «Сот кабинеті» ақпараттық сервисі арқылы реттеліп отырды. Медиация да өз кезегінде онлайн форматта жүргізіліп, карантин уақытында сот жүйесінде қиыншылықтар болмады.

Сөз соңында өз тарихында талай зұлмат пен зобаланды бастан өткерген халқымыз аты жаман індетті де еңсеретініне сеніміміз мол.

Дәмелі АЖҒАЛИЕВА
Казталов аудандық сотының бас маманы – сот мәжілісінің хатшысы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ЖАҢА КОДЕКС

КЕШЕГІ ҚАТЫНАСТЫ **ЖАҢАША РЕТТЕУ!**

Ел Тәуелсіздігін жариялаған 30 жыл ішінде сот жүйесі қадау-қадау реформаларды бастан өткерді. Жаңадан қабылданған заңдар мен қайта құрылған құрылымдар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, әділ сот жүйесінің тиімділігін арттыру мен мүмкіндігін кеңейтуге бағытталды. Бұл жұмыс күнделікті жалғасын табуда. Осындай ауқымды реформаның бірі жаңа әкімшілік әділет институтын құру қажеттілігін тудырды.

Н.ПРИМАШЕВ,
Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы

Әкімшілік әділет институтын сот жүйесі озық саналатын Латвия, Болгария, Нидерланды секілді өзге де шет елдер кең қолданады. Соған сай ол елдерде азаматтардың шағымдары жылдам әрі артық сергелдеңге салмай шешіледі. Сондықтан болса керек, онда жария-құқықтық даулар бойынша арызданатындар да көп. Бұл біріншіден, азаматтардың құқықтық сауаттылығының белгісі, екіншіден, билікке, оның ішінде сот билігіне деген сенім.

Ал бізде, керісінше, азаматтар жария-құқықтық даулар бойынша сотқа аз жүгінеді. Себебі, сотқа дейінгі, соттағы процедуралар билік пен халық арасындағы теңсіздік ахуалын қалыптастырады. Яғни, дауды шешу сатысы күрделі. Осы мәселеге назар аударған Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында азаматтар билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде теңсіздік ахуалында қалмауына баса мән берген еді. Айқын тапсырманың нәтижесінде өткен жылы дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымы енгізілді. Ол Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің қабылдануымен жалғасын тапты. Сәйкесінше Жоғарғы Сотта жаңа әкімшілік істер жөніндегі жаңа сот алқасы мен барлық өңірде жаңа соттар құрылуда.

Жаңа кодекстің қабылдануы сот жүйесін жетілдіруге бағытталған және ең алдымен қоғам қажеттілігіне сай дайындалған. Өйткені, әртүрлі жария құқықтық дауларды шешуде тараптардың теңдігін, сот тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз ету өзекті мәселеге айналып отыр.

Кез келген мәселені шешу қиындық тудырмайтын, барлық әрекет заң шеңберінде іске асатын қоғамда өмір сүру адамдардың өмір сапасын жақсартады. Яғни, адамдар бір бірімен дауласпайды, дау туындаса бірнеше есікті қақпайды, түрлі салықтар мен төлемдер төлеп шығынданбайды. Өз еңбектерімен еркін айналысып, тұрақты дамуда жайлы өмір сүреді. Әрбір адам дәл осындай жайлы өмір сүруді қалар еді.

Біздің қоғамда мемлекеттік құрылымдар жұмысына қатысты дау жоқ емес. Дау бар, бірақ азаматтар сергелдеңге түсуден қорқады және нақты қайда жүгінуді білмейді. Есесіне, мәселесі шешілмеген талап қоюшылар қаншама?!

Ал жаңа кодекс әкімшілік рәсімдерге қатысушылардың құқықтарына кепілдік береді. Бұл ең басты ерекшелігі. Онда мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдері, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастар, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібі реттелген.

Әкімшілік сот ісін жүргізу үшін алдымен әкімшілік рәсімдер жасақталуға тиіс. Кодекске сәйкес әкімшілік рәсім дегеніміз – әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік істі қарау, ол бойынша шешімді қабылдау және орындау жөніндегі, жолданым негізінде немесе өз бастамасы бойынша, сонымен қатар, оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібімен жүзеге асырылатын қызметі болып табылады.

Азаматтар бұдан былай жария-құқықтық қатынастардан туындайтын, атап айтқанда бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру мақсатында жаңадан ашылатын соттарға талап арызбен жүгіне алады. Жаңа соттарда талап қою арқылы азаматтар мен ұйымдардың заңды мүдделерін қорғау жолындағы даулар қаралады. Талап қоюшы өз өтінішінің мемлекеттік органда шешілуіне қанағаттанбаған жағдайда, сотқа жүгінеді. Егер сот азаматтың заңды мүдделері бұзылған деп тапса, әкімшілік актінің күші жойылады.

Мұнда істі қараған судья тараптардың ұсынған материалдарынан бөлек, өздігімен қосымша дәлелдер мен материалдарды жинақтауға құқылы. Шығарылған сот шешімінің орындалуын да қатаң бақылайды. Тағы бір артықшылығы, ол процестерге прокурорлардың қатысуы қысқартылған.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде істі татуластыру рәсімімен қарау да қамтылғанын айта кету керек.

Әкімшілік-рәсімдік даулар – қоғамдағы өте ауқымды, маңызды және ауыр істер санатына жатады. Сондықтан, ондай істерді қарайтын жаңа соттарға қойылатын талап та барлық жағынан қатаң түрде жүргізілуде.

Бұл азаматтардың құқықтарын қосымша қорғайтын жаңа кепілдіктер мен тетіктердің бірі. Әкімшілік әділет институтының әлеуеті дәл осы талаптар негізінен шығып отыр. Жаңа өзгеріс сот жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етуге және оның тиімділігін арттыруға оң әсерін тигізеді деп күтеміз.

ПӘРМЕН

АУЫЗАШАР ӨТКІЗГЕНДЕР АЙЫППҰЛ ТӨЛЕЙДІ

Ақтөбеде карантин талабына бағынбай, ауызашар өткізгендер әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Олардың аты-жөні анықталып, айыппұл салынды. Бұл жөнінде Ақтөбе облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің баспасөз қызметі хабарлады.

Ақтөбеде бір топ іскер әйел карантин талабын бұзып, ұжымдық ауызашарға жиналған. Облыстық мәслихат депутаты, әрі өңірлік кәсіпкерлер палатасының басшысы Сұлупан Шынтасова мен қалалық мәслихат хатшысы Анар Даржанова қатысқан ауызашар әлеуметтік желіге жарияланып, көпшіліктің қызу талқысына түсті. Соңыра олар өз кінәларын мойындап, өз әрекеттері үшін халықтан кешірім де сұрады. Осыдан кейін мониторингтік топ істі тексеріп, бейнематериалды қарап шыққан.

Мобильді мониторингтік топтан материал түсті. Материалға сәйкес, ұжымдық ауызашар өткізіп, оған қатысқандары үшін ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 425-бабы 1-бөлігі бойынша 15 адамға хаттама толтырылып, әрқайсысына 43755 теңге көлемінде айыппұл салынды. Сонымен қатар қалған 5 адам және ауызашар шарасы өткізілген қоғамдық тамақтану объектісінің жеке кәсіпкері хаттама толтыру үшін шақырылды, – деп хабарлады облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің баспасөз қызметі.

Айта кетелік, Ақтөбе облысы қазір қызыл аймақта тұр. Сол себепті Рамазан айында топталып, ауызашарға баруға немесе үйге сырттан адам шақыруға болмайды. Әркім өз шаңырағында отбасы мүшелерімен бірге ауыз ашқаны дұрыс. Биыл індетке байланысты мешіттерде тарауых намазы да оқылмайды.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

БАЗЫНА

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕРДІҢ ПӘРМЕНІ ТӨМЕН

Осыдан бес жыл бұрын Қазақстанда атқарушы биліктің барлық деңгейінде қоғамдық кеңестер құрылды. Бүгінде бұл ұйымдардың белгілі бір жұмыс тәжірибесі бар. Әлемдік тәжірибеде қоғамдық кеңестердің негізгі мақсаты – азаматтық секторды мемлекеттік органдарға кеңес беруге, ұсыныс жасауға қатыстыру. Осы мақсатта қоғамдық кеңестерге олардың қызметін айқындайтын бірқатар құзыреттер бекітілген. Негізінен, қоғамдық кеңестердің қызметіне көптеген елдердегі мемлекеттік стратегиялық жоспарларды, бюджетті, заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді талқылау басымдығы беріледі. Қазақстан қоғамдық кеңестер қызметіне осы тұрғыдан келіп отыр. Елімізде 2015 жылы қабылданған «Қоғамдық кеңестер» туралы заңға сәйкес, бұл ұйымдар – министрліктер, орталық атқару, сонымен қатар жергілікті атқару органдарынан құрылған жеке дербестігі бар кеңес беруші – мәжіліс құрушы, бақылау органдары. Биыл «Қоғамдық кеңестер туралы» заңға жасалған өзгерістерге сәйкес квазимемлекеттік нысандарда 13 қоғамдық кеңес құрылмақшы.

Оның құрамында үкіметтік емес ұйымдар, сарапшылар, бұқаралық ақпарат құралдары, партиялар, тағы басқа қоғамдық ұйымдардан 4 мыңға жуық белсенді азамат бар. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Азаматтық қоғам істері жөніндегі комитеті берген ақпаратқа сүйенсек, төрт жыл ішінде қоғамдық кеңестердің 6000-ға жуық отырысы өткізіліп, оларда ел өміріндегі өзекті мәселелер талқыланыпты. Биыл мұндай басқосулардың дені онлайн режимінде өтіп жатыр. Ұйымдар өз құзыреті аясында азаматтардың құқы, бостандығы мен міндетіне қатысты 19 мың нормативтік актінің жобасын қарап, талқылады. 1800 қоғамдық тыңдау ұйымдастырылып, 3000 маңызды мәселелер қаралды. Олардың ішінде – тұрғындарды сумен қамтамасыз ету, білім беру, денсаулық сақтау, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту, мемлекеттік қызмет сапасын арттыру жайы бар. Сол секілді, бірқатар қоғамдық кеңестер әлемдік індет жағдайында ауруханаларға гуманитарлық қызмет көрсетіп, денсаулық сақтау, баға белгілеу, дәрілердің қолжетімділігі деңгейіне мониторинг жасауға белсене қатысты. Осы орайда жергілікті мәселелерді шешуге айрықша үлес қосқан қоғамдық кеңестер жайлы айту орынды. Бүгінде бұл ұйымдар Алматы қаласының, Батыс Қазақстан, Қостанай облыстарының қоғамдық кеңестерінің аймақтағы өзекті мәселелерін шешуге айрықша атсалысып келеді. Мәселен, Қостанай облысындағы қоғамдық кеңес есеп приборы жоқ тауарлық газдың тұтынушылар үшін қажетті өлшемін қайта қарауға қол жетізген. Сол секілді, Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық кеңесі «1000 орын – көше саудасы» жобасының жүзеге асу барысына мониторинг жасап, әкімшілікке нақты ұсыныстар берген. Сол секілді, Қарағанды облысындағы Сәтпаев қаласының қоғамдық кеңесінің ұсынымдарына сәйкес, онда тұрғын үйлер құрылысы бойынша бақылау штабы жұмыс істеуде. Ал Павлодар облысының қоғамдық кеңесі азаматтарды кеңінен тарта отырып, медициналық мекемелердің тұрғындарды міндетті медициналық сақтандыруға дайындығы мәселесін қарап, талқылады. Жамбыл облысының қоғамдық кеңесі білім беру саласының жаңа оқу жылына дайындығын тексерсе, Шығыс Қазақстан облысындағы мұндай ұйым білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт, әлеуметтік қорғау мекемелерінде мүгедектерге қолжетімді орта қалыптастыру мақсатында қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін аттестация өткізді. Қысқасы, қоғамдық кеңес тарапынан жүргізіліп жатқан жұмыстар баршылық.

Десе де, бүгінде қоғамдық кеңестер қызметінің тәжірибесі жайлы әртүрлі пікір бар. Бірі бұл ұйымдарды тиімді жұмыс істейтін қоғамдық институт және сұхбаттың бірегей алаңы, биліктің шешімдеріне ықпал ететін ұйымға айналды десе, бірі мемлекеттік органдар жұмысын бақылап отыруы тиіс олар мемлекеттік органдардың бір бөлшегі болып қалды деген базына айтады. Әсіресе, соңғыларының үні қатты естіледі. Оларға құлақ түретін болсақ, қоғамдық кеңестерге сайланатын адамдардың негізінен билікке қатты сын айтпайтын, «ыңғайлы» адамдар, өз пікірі бар, ұстанымына нық азаматтардың оған енуі қиын екендігі жайлы әңгіме естисіз. Неліктен бұл ұйым осындай сынның астында қалды? Ол неге үмітті ақтамады? Осы сауалды бірқатар қоғам белсенділеріне қойып көрген едік. Мәселен, белгілі экономикалық сарапшы Жангелді Шымшықов: «Қоғамдық кеңестердің еш пәрмені жоқ, тек қана құзырлы орын басшыларының өз біліксіздігін бүркемелеу мақсатында жасақталған ұйымы. Бұл шенеуніктердің – барлығы алқалы түрде қаралып шешілді деп, жауапкершілікті өзінен сырғыта салуына қызмет ететін құрылым. Қолында еш билігі жоқ, тек шенеунікті құптауды ғана білетін мұндай ұйымдар «Қойшы көп болса, қой арам өледінің» керін келтіреді. Иә, кеңес дәуірінде халықтық бақылау комитеттері болды. Бірақ олардың сұрауын қандай басшы болмасын жауапсыз қалдырмайтын. Өйткені, бұл ұйымдарда билік бар еді. Олар кез келген басшыдан мәселені шешуді талап ете алатын, атқармаған жұмысы үшін жауапкершілікке шақыратын. Қоғамдық кеңес те сондай құзырет болу керек. Олай етпесек, қазіргі қоғамдық кеңес секілді қуыршақ ұйымдарды көбейте берудің еш пайдасы жоқ. Бұл бар болғаны бәріміз бірге шешкенбіз деуге негіз қалдырып, шенеуніктердің өз міндетіне салғырт қарауын тереңдете беретін жағдай», – дейді.

Қоғамдық ұйымдардың құзыреті жоқ екендігін Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жанындағы қоғамдық келісім мүшесі Айгүл Соловьева да құптағандай болды. Оның айтуынша: «бұл ұйымдар заңнамаға сай өздеріне берілген құзырет аясында жұмыс істеп жатыр. Негізінде азаматтардың белсенділігін арттырып, олардың билікке бақылау жасау мүмкіндігін кеңейту қажет еді. Бұл үшін бірақ мұндай ұйымдар құрмай-ақ, жергілікті басқару ұйымдарын сайлау, сайлау үрдістерін ашық және жариялы ету жеткілікті. Сонда билік ешбір кеңессіз-ақ халық алдында есеп беруге мүдделі болып, ал азаматтар оның жұмысына бақылау жасауға мүмкіндік алар еді. Қазіргі жағдайда қоғамдық кеңес мүшелері өз құзыретіне сай заңдарды талқылауға ат салысып, өз ұсыныстарын қосып жатыр. Ал проблемалық мәселелерді қарауға құқы жоқ».

Жалпы, қоғамдық кеңес демократиялық қоғамның бір белгісі, яғни қоғамдағы ашықтыққа, жариялылыққа қызмет ететін институт. Саясаттанушы Дос Көшімнің пікірінше: «Біздегі бұл ұйымның тек сыртқы формасы ғана осы талапқа сай да, ал ішкі мазмұны оған кереғар. Бұл ұйымның құзырында тек кеңес беру ғана бар. Егер ол ұсыныстар қабылданып, билік оларға құлақ асып, жұмыстарында қолға алып жатса құба-құп қой. Бұл ұйымда бүгінде мұндай үрдіс байқалмайды. Керісінше, қоғамдық кеңес мүшелерінің көбіне істің барысын білмейтіндіктен, нақты мағлұматтары жоқ болғандықтан ауыздары жабылады. Ал берген ұсынымдары құлаққа ілінбейді де».

Бұдан шығатын қорытынды, қоғамдағы ашықтықты, жариялылықты арттырады, азаматтардың белсенділігін көтереді деген ұйымның жұмысын жетілдіру қажет.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ТҮЙТКІЛ

ҮШ АУЫСЫМДЫ МЕКТЕП БІЛІМДІ АҚСАТАДЫ

Білім және ғылым министрлігінің мәліметіне қарағанда елімізде 1991 жылы 8 841 мектеп болатын. Қазір оның саны 7429-ға дейін азайды. Ондағы 3,4 млн оқушыға 344 мың педагог білім береді. Соңғы 30 жылда республикада жаңадан 1850 мектеп салынғанымен, үш ауысымды мектеп мәселесі әлі шешілген жоқ. Мәселен, былтыр 43 мектеп салынды және 11 мектепте оқушылар санының азаюы мен өзге оқу орындарына қайта бөлудің нәтижесінде үш ауысымды мектеп саны 191-ден 137-ге азаюы керек еді. Алайда, шынайы өмірде бәрі басқаша болып шықты. Үш ауысымды білім ордаларының үлесі кемудің орнына 1,5-тен 1,9 пайызға ұлғайған. Бұған былтырдың өзінде оқушылар санының көбеюінен 68 мектептің екі ауысымнан үш ауысымға көшуі түртті болып отыр. Биыл енді жаңадан салынатын мектеп 200-ге дейін жетеді деп жоспарлануда.

Ақпанда болған Үкімет отырысында министр Асхат Аймағамбетов мемлекеттік-жекешелік әріптестікті қолдану, модульдік конструкция әдісімен мектептер салу, жеке мектептер желісін дамыту мен мемлекеттік бюджеттен нысаналы құрылыс тетіктерін пайдалану арқылы 2025 жылға дейін үш ауысымды мектеп мәселесін шешетіндерін жария етті. Яғни, алдағы 2021 – 2025 жылдары жаңадан 800 мектеп салынып, кейбір білім ордаларының жанынан қосымша жаңа ғимараттар бой көтермек. Алайда 2020 жылғы демографиялық өсімді ескерер болсақ, бұл үш ауысымды мектеп мәселесінің 2025 жылы шешілетініне әлі де кепілдік бере алмайды. Өйткені, 1989 және 1999 жылғы халық санағында Қазақстан тұрғындарының саны 1,2 млн адамға кемігін болатын. Одан кейін жалпыхалықтың санақ өтпегенімен, ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне қарағанда 2000 – 2020 жылдары ел тұрғындарының саны 14,9-дан 18,6 млн-ға өсті. Сондай-ақ жалпы білім беретін мектеп саны 2000/2001 және 2020/2021 оқу жылдарында 8353-тен 7429-ға дейін азайғанымен, оқушылар саны 3, 2 млн-нан 3,4 млн-ға ұлғайған. Сондықтан 2015 – 2020 жылдары үш ауысымды мектеп саны 87-ден 137-ге дейін ұлғайып отыр.

Былтыр бұл мәселені ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында басқа қырынан қарастырды. «Ата-аналар кез келген балабақшаны немесе мектепті таңдап, мемлекет берген ваучермен төлем жасай алады. Мамандардың негіздеуінше, мемлекеттің тек дарынды оқушыларды қолдауы балалар арасындағы әлеуметтік ара-жікті ұлғайтуы мүмкін. Бұған жол беруге болмайды» дегенді айтты.

Үш ауысымды мектеп мәселесі демографиялық өсімге ғана емес, халықтың көші-қонымен де тығыз байланысты екенін атқарушы билік органдары кеш болса да түсінгенімен, оны алдын ала жоспарлауда әлі де уақыт үрдісіне ілесе алмауда. Мәселен, БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында ҚР БҒМ мектепке дейінгі және орта білім комитетінің төрағасы Майра Мелдебекова: «Елордадағы №85 мектеп-лицейде былтырға дейін балалар 3 ауысымда оқып келген. Биыл бұл мәселе шешілгенімен, айналадағы тұрғын үй қатары көбейді. Енді жаңа оқу жылында қайтадан 3 ауысымға көшу қаупі бар» деген еді. №85 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі Салтанат Мұхамедалиева: «лицей басшылығы тез арада жақын маңдағы мектептер қатарын арттырмаса, жаңа оқу жылында оқушылар саны белгіленген межеден 3 есе артық болады деп болжанып отыр. Ал ата-аналар өткен жылғы жағдайға қайтадан оралуға түбегейлі қарсы» деп айты. Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов қала тұрғындарымен есептік кездесуінде «Тұрғындар санының артуына байланысты мектептердегі оқушыларға орын жетіспеушілігін қысқарту үшін жыл сайын кемінде 10 мектеп салу керек. 2020 жылы бұрын мектеп болмаған тұрғын алқаптарында 11 білім мекемесі салынды. Ол жерлерде бұрын балалар бейімделген ғимараттарда оқыған. Жаңа мектептер үш ауысымды мектептер санын 8-ден 4-ке қысқартуға мүмкіндік берді. 2021 жылы 15 ірігабаритті мектептер салатын боламыз. Бұл 40 мың орын ашуға мүмкіндік береді» дегенді айтты.

2025 жылға дейін үш ауысымдық білім беруді жоюы күмәнді болып тұрған кезде Қазақстанның 2030 жылға дейін дамыған 50 елдің, ал 2050 жылға қарай алдыңғы 30-дықтың қатарына қосылу туралы стратегиялық мақсатының орындалуы Мемлекет басшысына ғана емес, заң шығарушы және атарушы билік органдарын қалыптастырып отырған билік партиясы саналатын «Nur Otan» үшін де үлкен сын болмақ.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Сарапшы пікірі:

Роза ШӘРІПҚЫЗЫ, ҚР Жекеменшік білім беру ұйымдары қауымдастығының төрайымы:

Үш ауысымды мектептердің бәрі мемлекеттік. Олардың жекеменшік оқу орындарына еш қатысы жоқ. Дегенмен, мемлекет тарапынан жүзеге асырылып жатқан мектептерді оқушылардың санына қарай қаржыландыру бағдарламасының нәтижесінде 2019 – 2020 жылдары жекеменшік мектептер саны 114-тен 236-ға дейін ұлғайғанын да айта кеткен жөн шығар. Бұл үрдіс биыл да өз жалғасын таппақ. Жаңа білім ордаларының құрылысын салып жатқан және лицензия алуға дайындық жасап жатқандар аз емес.

Жалпы, үш ауысымды мектептердің санын азайту үшін өте көп жекеменшік мектеп ашылу керек және шағын ғана емес ірі мектептер де қажет. Өйткені, шағын мектептер негізінен 300 оқушыға арналған, ал 1-2 мыңнан астам оқушысы бары саусақпен санарлық. Жасыратыны жоқ, Асхат Аймағамбетов министр болғалы білім беру мәселесін бірлесіп талқылау үшін көптеген сұхбат алаңдары ашылды. Сондай-ақ жекеменшік оқу орындарын ашу да бұрынғыдан біршама жеңілдетілген. Әйтсе де, заңнамалық тұрғыдан әлі де жетілдіруді қажет ететін тұстары да жеткілікті. Қазіргі таңда жекеменшік білім беру ұйымдарында 60 мыңдай оқушы оқиды. Педагоктарды қосқанда онда барлығы 10 мыңнан астам адамға жұмыс орны ашылған. Дегенмен, бұл жалпы білім беру ұйымдарының 2 пайызын ғана құрайды. Бір сөзбен айтқандай үш ауысымды мектептер мәселесін шешу үшін әлі де ірі инвесторларды көбірек тартуға көңіл бөлген жөн шығар.

СЕРІКТЕСТІК

ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ ПОЛЬША ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСТІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма төрағасы – ректоры Жансейіт Түймебаев Польша Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Селим Хазбиевичпен кездесті. Келіссөз барысында тараптар ұзақ мерзімді ынтымақтастық пен серіктестік мәселелерін талқылады.

Ж.Түймебаевтың айтуынша Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа ықпалдасуында Польшаның рөлі зор әрі маңызды.

«Польша Республикасының Қазақстандағы елшілігі ғылым, білім және мәдениет саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға зор үлес қосуда. Екі ел арасындағы серіктестік бүгінде қарқынды жалғасуда» дейді ол.

ҚазҰУ Польшаның 18 жоғары оқу орнымен тығыз байланыста. Олардың арасында Варшава университеті, Адам Мицкевич университеті, Торунь қаласындағы Николай Коперник университеті, Лодзь университеті, Г.Кошалин атындағы технологиялық университеті мен Ополь университеті бар.

Соңғы үш жылда ҚазҰУ-дың 150-ден астам студенті мен магистранты академиялық ұтқырлық бағдарламасымен Польшада білім алды. Сонымен қатар 44 докторант ғылыми-зерттеу тағылымдамадан өтті. «Қазақстанның жоғары оқу орындарына шетелдік ғалымдарды тарту» бағдарламасы аясында ҚазҰУ-ға Польшаның танымал профессорлары мен ғалымдары келуде. Олар PhD докторанттарына ғылыми жетекшілік жасайды және дәріс оқиды.

Селим Хазбиевич екі ел арасындағы достық қарым-қатынастар бүгінгі таңда жаңа мазмұнға ие болғанын жеткізді. «Біздің тарап әрқашан бірлескен ғылыми-білім беру жобаларын дамытуға, тәжірибе алмасуға әрі академиялық ұтқырлықты кеңейтуге дайын» деді елші.

Сондай-ақ Селим Хазбиевич ҚазҰУ басшысы Ж.Түймебаевтың Польша түркітанушы ғалымдарының қатысуымен бірлескен іс-шаралар өткізу туралы ұсынысын қабыл алды.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында студенттер алдында дәріс оқуға келісім де берді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің баспасөз қызметі

СОТ СӨЙЛЕСІН

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында ұлттың табысты болуы табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалатыны айтылған. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессиялық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы десек шындықтан ұзамаймыз. Сол үшін барлық саланы талапқа сай жаңғыртып отыру маңызды.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТІ **ЭЛЕКТРОНДЫ ТҮРДЕ** ҚАРАУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметінің процестік негіздерін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңын орындау мақсатында қылмыстық іс жүргізуді цифрландыру бойынша жұмыстар қолға алына бастады. Осыған орай, Жоғарғы Сот жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті басшысының өкімімен Қазақстан Республикасының соттарында қылмыстық сот ісін жүргізуді электрондық форматта жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар бекітілді. Дәл осындай қылмыстық сот ісін электрондық форматта жүргізу жөніндегі нұсқаулық 2018 жылы 3 қаңтарда Бас прокурордың бұйрығымен қабылданды. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңының 20-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес, Жоғарғы Сот төрағасы Ж.Асановтың 2018 жылғы 7 наурыздағы өкімімен республиканың барлық соттарында оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібіндегі істерді электронды түрде қарау басталды.

Жоғарыда аталған әдістемелік ұсынымдар, өкімдер мен бұйрықтардың негізінде Атырау облысы бойынша соттар әкімшісі жанынан қажетті дербес компьютерлер және көп функционалды құрылғылар бөлініп, Атырау қалалық №2 сотында аталған санаттағы қылмыстық істерді қарайтын сот отырысының залы жабдықталды. Бүгінде электрондық қылмыстық істер СТБТ – «Сотқа дейінгі тексерудің бірыңғай тізілімінің» ақпараттық жүйесінен келіп түседі. Электронды қылмыстық істі жүргізу, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінің ақпараттық жүйесіне енгізілген қылмыстық құжаттардың электрондық үлгілерін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Қылмыстық сот ісін жүргізуді электрондық форматта жүргізу бойынша Әдістемелік ұсынымның 4-тарауына сәйкес, аудандық және оларға теңестірілген соттарға сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінен электрондық қылмыстық істер және материалдар «Ортақ кеңсе» бөлігі, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің кіші бөлігі, қылмыстық істер журналында «Төрелік» ақпараттық-талдау жүйесінде көрініс табады. Қосымша электрондық процестік құжаттардың бар-жоғын тексерген соң сот кеңсесінің қызметкері тіркейді. Қосымша материалдар сәйкес келмеген кезде және заттай дәлелдемелер, іс бойынша құжаттардың түпнұсқалары түспеген жағдайда 24 сағат ішінде сот кеңсесінің қызметкері электрондық қылмыстық істі себебін көрсете отырып тіркеуден бас тартады.

Атап айтқанда, Атырау қаласының №2 сотында электрондық форматтағы қылмыстық істерді бастапқы кезде қабылдау барысында көптеген электронды қылмыстық іс сот өндірісіне тіркелмей кері қайтарылды. Оған іске тіркелген құжаттарға электрондық-цифрлық қол қойылмауы, айыптау актісі немесе хаттамаларды бекітетін тұлғаның аталған құжаттарды бекіткені туралы қолы қойылмауы, іске тіркелген құжаттардың дұрыс сот ісін жүргізу тіліне сай жүргізілмеуі, ілеспе хатта көрсетілген ақпараттар, парақ саны, тізімге сәйкес келмеуі және сотталушының әрекетін саралау баптарының дұрыс көрсетілмеуіне себеп болған.Туындаған мәселелерді жедел шешу мақсатында құқық қорғау органдары және прокуратура өкілдерінің қатысуымен Атырау қаласының №2 сотының ғимаратында бірнеше рет жиын, семинарлар өткізіліп, кемшіліктерді жоюдың жолдары қарастырылды. Бұл кемшіліктер электрондық форматта жүргізу бағдарламасының бастапқы кезде дұрыс іске асырылмауынан орын алған болатын. «Көш жүре түзеледі» демекші, бағдарлама қазір өз деңгейінде жүзеге асуда.

М.НАҒАШЫБАЕВ,
Атырау қаласының №2 сотының төрағасы

Электронды сот ісін жүргізу өтінім беру және тіркеу кезеңінен бастап заңды күшіне енген сот актісін орындауға жолдауға дейін жүргізіледі. Электрондық іс жүргізудегі сот актілеріне қатысты апелляциялық (жекеше) шағым немесе прокурордың өтінішхаты түскен жағдайда электрондық форматта жасақталған қылмыстық іс апелляциялық сатыда да бірінші сатыдағы сот ісімен байланыстыра отырып, электронды форматта қаралады.

Енді, Атырау қаласының №2 сотында электронды форматта қаралған қылмыстық істер бойынша статистикалық мәліметтерге көз жүгіртсек: 2018 жылы сот өндірісінде 897 қылмыстық іс болса, оның 88-і оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде электронды форматта түсті. Қаралған істердің 70-і қылмыстық теріс қылықтар, 14-і онша ауыр емес қылмыстар, 4-еуі ауырлығы орташа қылмыстар санатына жатады.

2019 жылы сот өндірісінде 713 қылмыстық іс болса, оның 155-і оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қаралды. Ал 2020 жылы сот өндірісінде 796 қылмыстық іс болса, оның 121-і оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қаралған, бұл барлық өндірісте болған істердің 15,2% құрайды. Сондай-ақ, 2021 жылдың бірінші тоқсанында сот өндірісінде былтырдан қалған қалдық 67 қылмыстық істі қоса есептегенде 227 қылмыстық іс болды, оның 49-ы оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде электронды форматта түсті. Бұл барлық өндірісте болған істердің 21,6% құрайды. Осы электронды форматта қаралған істердің 19-ы қылмыстық теріс қылықтар, 7-еуі онша ауыр емес қылмыстар, 14-і ауырлығы орташа қылмыстар, 9-ы ауыр қылмыстар санатына жатады. Осы деректердің өзі жыл өткен сайын электронды форматта түсетін істер санының артып, ауыр санаттағы істердің де электронды форматта жасақталып жатқанын көрсетеді.

Электронды форматтағы сот ісін жүргізудің оңтайлы нәтижелері көп. Атап айтқанда, біріншіден қағазбастылықтан арылтты, екіншіден қағаз жүзінде келіп түскен қылмыстық іс өндіріске қабылдаған судьяның қолында болғандықтан, басқа іске қатысушы тараптар қылмыстық іспен танысу үшін арнайы арыз беріп уақытты өткізіп жатады. Кейбір жағдайда сот отырысы кезінде тараптар іспен танысуға өтініш білдіргендіктен сот отырысын кейінге қалдыруға тура келеді. Электронды форматта жүргізілетін қылмыстық істер мұндай кедергілерді жойды, яғни кез келген іске қатысушы (қорғаушы, сотталушы, прокурор, жәбірленуші) сот залында орнатылған компьютер арқылы істегі кез келген құжатпен танысып отыруға мүмкіндік алады.

Бұл санаттағы істерді мұрағатқа тапсыру өте қолайлы, себебі мұрағатталу тиісті мәртебені белгілеумен е-ҚІ модулінде автоматты түрде сақталу жолымен жүзеге асырылады. Сот ғимаратында істерді мұрағатта сақтау бөлмелерінің аздығынан немесе тарлығынан бұл жұмыстарды атқару қиындық тудыратын еді. Болашақта барлық істер электронды форматта қаралса, бұл мәселенің де шешімі табылары анық.

Бұдан басқа, қылмыстық іс бойынша барлық сатыдағы құжаттарды, яғни арыз-шағым тіркелгеннен бастап, сот үкім шығарумен аяқталғанға дейінгі құжаттарды барлық орган көріп отыру мүмкіндігін алды. Сонымен қатар, сот актілерін орындау электронды форматта жүзеге асырылады, жеке және заңды тұлғалардың сот актілерін, басқа да құжаттарды электронды форматта алуға мүмкіндігі болмаған жағдайда хаттың түпнұсқасын электрондық қылмыстық іс материалдарында сақтай отырып, қағаз нұсқада беруіне болады.

Электронды қылмыстық істің тиімділігі бұл сандық ақпараттарды сақтаудың қауіпсіздігімен де байланысты. Мұндай жаңашылдық қылмыстық процестің сапасын жеңілдетуге және жақсартуға бағытталған.

БАСТАМА

СӘТТІ РЕФОРМА САПАНЫ КӨТЕРДІ

Тәуелсіздік алғалы отыз жылдың ішінде мемлекетіміз айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Соның ішінде мемлекетті басқару жүйесінде сот билігінің алатын орны ерекше. Салада реформалар жасалып, заңдар жетілдірілуде, азаматтардың құқығын жоғары деңгейде қорғауға басымдық берілуде. Дауларды шешуді жеңілдетуге, азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған көптеген өзгерістер орын алуда.

Атап өтсек, сот ісін жүргізуді қайта құру, азаматтық-құқықтық нормаларды және судьялар әдебі нормаларын жетілдіру, соттарды цифрландыру, сот төрелігінің сапасын арттыру мақсатында соттарды мамандандыру сияқты бірқатар реформалар сәтті жүзеге асты. Бұл бағыттағы жұмыстар әлі де жүргізілуде. Соттарды мамандандыру барысында облыс орталықтарында экономикалық, әкімшілік, қылмыстық істер қарайтын соттар құрылып, олар салаға тың серпін берді. Себебі, біркелкі істердің бір жерге топтасуы, судьялардың бір бағытта мамандануы дауларды тез әрі сапалы түрде шешуге мүмкіндік берді. Бұл да болса саланы алға сүйреген тың өзгеріс болды деп айта аламыз.

Күдіктіні бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алуға санкция беру прокурордың құзыретінен алынып, сотқа берілгендігі алдыңғы қатарлы, өркениетті мемлекеттердің ұстанымына сәйкестендірілді. Себебі, күдікті өз құқықтарын ашық сот отырысында, бәсекелестік принциптерін пайдалана отырып қорғауға мүмкіндік алды. Аталған әрекеттер сот жүйесін тәуелсіздендіруге, демократияландыруға және азаматтардың құқықтарын заң шеңберінде қорғауға бағытталған шаралар болып отыр. Қазір ел ішінде дауларды шешудің баламалы әдістері жетілдіріліп, бітімгершілік институттары дамып жатыр. Соның арқасында бітімге келіп, сәтті аяқталатын даулардың қатары артып келеді.

Соттардың қызметіне ақпараттық технологиялардың жаңа жетістіктері батыл енгізілуде. Нәтижесінде, елімізде карантиндік жүйе енгізілген кезеңде сот саласы абдырап қалмай, сот отырыстарын онлайн түрде жалғап кетті. Кез келген адамның кез келген жерден сот отырысына қатысуға мүмкіндік алуы саланың дер кезінде цифрланып бейімделгенінің арқасы деуге болады. Жалпы, сот саласының цифрландыруға бейімделуі саланы ашықтыққа жетеледі, халық пен сот арасы жақындай түсті. Қазір сот мамандарының әлеуметтік желіде ашылған парақшалары арқылы ойларын ашық білдіріп, салада орын алып жатқан өзгерістерге қатысты, сот отырыстары жайлы дер кезінде ақпарат беріп отыруы халықтың құқықтық сауаттылығының артуына, азаматтардың құқық қорғау қызметіне сенімі артуына оң ықпалын тигізуде. Сондай-ақ бүгінгі таңда соттарда барлық іс жүргізу электронды жүйе арқылы жүзеге асырылуда. Компьютерлік жаңа технологияларды игеру сот қызметкерлерінің білім-біліктілігі мен дағдысын жаңғыртып, уақыт көшінің алғы сапына жетелейді..

Ғалия ҚАСЫМОВА,
Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

БІТІМ

МЕДИАТОРЛАРҒА **БЕЛСЕНДІЛІК КЕРЕК**

Медиацияны дамыту ісінен мемлекеттік құрылымдар шет қалған. Елімізде мұндай мәселенің бар екенін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев дұрыс аңғарып, келелі іске көпшілік үн қосуы керектігін алға тартқан болатын. Расында қазір медиацияны түсіндіру, тараптарды татуластыруға бағыттау мәселесі тек соттың міндеті секілді көретіндер бар. Өзге құрылымдар мүмкіндігі бола тұрса да, медиацияны насихаттауға құлық таныта бермейді. Ал даукестікті төмендетіп, дауды сот арқылы шешу бүкіл қоғам үшін пайдалы. Азаматтардың өнімді жұмыс істеп, уақытын өміршең істерге арнайтын кезде соттасып жүруі жақсылықтың нышаны емес. Дауласу уақыт жағынан да, қаржы тұрғысынан да, сыйластық өлшемімен алғанда да тиімсіз. Оның үстіне, дау қуып сотқа жүгінгенде жеңсең жақсы. Сотта бір тарап жеңіп, екінші тараптың жеңілуі заңдылық. Алтын уақытыңды кетіріп дауласқанда оң нәтиже берсе жақсы. Мұндайда медиациялық келісімге келудің артықшылығы көп. Өйткені медиацияда екі тарап өздеріне қолайлы мәмілеге тоқтайтындықтан, мұнда соттағыдай жеңген не жеңілген жақ болмайды. Сондықтан, сотқа жүгінгендер мәселенің екінші қырын да назарында ұстаса дейміз. Әсіресе, басқа құрылымдар медиацияның мән-маңызын түсіндіруде белсенді болмағанмен, азаматтарға сотқа жүгінбес бұрын медиатордың көмегіне жүгінуге кеңес беріп, жол сілтесе нұр үстіне нұр болмақ.

Мысалы, медиациясы дамыған өркениетті елдерде азамат бірден сотқа жүгінбей, алдымен медиаторға барады. Мәселе оның көмегімен шешілмеген жағдайда ғана сотқа келеді. Испанияда медиатор кеңсесінде болғаны туралы анықтамасыз сот кеңсесі талап арызды қабылдамайды.

Бізге де медиацияны дамыту үшін осы елдердің озық үлгілерін тәжірибеге енгізу артық етпейді. Бұл дала заңын жаңғыртуға, билер дәстүрін жандандыруға ықпалын тигізеді.

Ботагөз ӨМЕН,
Алатау аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ПРОБАЦИЯ

ЖАЗАМ ЖЕҢІЛ ДЕП ЖАЛТАРЫП ЖҮР

Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты Қызылорда қалалық пробация қызметінде жыл басынан бері 706 адам есептен өткен. Бүгінде 517 азамат жазасын өтеу үшін тіркеуде тұр. Қызылорда қалалық пробация қызметінде 22 қызметкер бар. Олар сотталғандардың сот үкіміне сәйкес жазасын дұрыс орындауын, тәртіп бұзбауын бақылауға алған. Өкінішке қарай, бақылауға алынған кейбір азаматтар бостандықтың қадірін білмейді, мемлекеттің ізгі ниетін бағаламайды. Соның кесірінен шақырту қағазын ала тұра белгіленген мерзімде пробация қызметіне келмейтіндер бар. Осындай үкімге бағынбай жалтарып жүрген 3 сотталған анықталды.

«Пробация қызметіндегі әрбір азаматпен жеке жұмыс істейміз. Оларға қажет медициналық, психологиялық, құқықтық көмек қарастырылған. Құжаттарын рәсімдеуіне және өзекті мәселелерін жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп шешуге ықпал етеміз. Әлеуметтік көмек көрсетіледі. Біз сотталушыны қоғамға бейімдеп, қайта қылмысқа бармауына мүдделіміз», – дейді Қызылорда қалалық пробация қызметінің бастығы Бақыт Наурызбаев.

Қазіргі таңда қалалық пробация есебіндегі азаматтарды қоғамдық жұмысқа орналастыру мәселесі бір ізге түсіп келеді. Соның арқасында 16 азамат қоғамдық жұмыс істеуде. Олардың көбісі есірткіні заңсыз сақтағаны үшін жазаға тартылғандар. Сот үкімімен оларға 10 сағаттан 100 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарды орындау міндеттелген. Қызылорда қаласы әкімдігімен бірлесіп сотталғандарға бос жұмыс орындары бөлініп, олар қоғамдық орындарды абаттандыру, көшелерді тазалаумен айналысып жүр.

«Қоғамдық жұмысқа тартылған азаматтар өз міндетін тиянақты, уақытылы істеп жүр. Сот үкімімен белгіленген жазасын толық өтеген соң, пробация есебінен шығарылады. Жыл басынан 38 азаматқа қоғамдық жұмыс түріндегі жаза тағайындалса, оның жартысынан көбі жазасын толық өтеп, есептен шығарылды», – деді Б.Наурызбаев.

Көше сыпыруға арланып, жаза өтеуден жалтарып жүргендер де бар. Жыл басынан бері он сотталған жеңіл жазаны өтеуде жауапсыздық танытқан. Олар сот үкімімен бас бостандығынан айырылып, түзеу мекемесіне жіберілген. Қылмыстың өтеуі – жаза.

Гүлбану МАҚАЖАН
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

САРАП

Тәуелсіздіктің отыз жылында еліміздің сот жүйесі айтарлықтай ілгерілегенін уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Мемлекет қамқорлығының арқасында қазақстандық сот жүйесі халықаралық стандарттарға толық сәйкес келетіндей дәрежеге көтерілді. Осы аралықта еліміздің сот жүйесіне қатысты заңдар түбегейлі жаңадан қабылданды.

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫҢ НӘТИЖЕСІ ЖОҒАРЫ

Құқық тарихындағы жасампаз кезеңдерді бір мақала шеңберіне сыйғызу мүмкін емес. Дегенмен, сот тарихындағы елеулі оқиғаларға тоқталған артықтық етпейді. 1996 жылдың желтоқсан айында, яғни тәуелсіздігіміздің бес жылдық мерейтойы қарсаңында сот жаршысы «Тураби» журналының алғашқы саны жарық көрді. Соған байланысты Елбасы Н.Назарбаев редакция ұжымы мен оқырмандарына өз құттықтауын жолдады. Тарихи мәні зор құжат ретінде қабылдаған құттықтауда «Журнал атауының да астарлы мәні бар, бұл «қара қылды қақ жарған сот» дегенді білдіреді. Алаламау, әділ болу, адал болу, сірә, сот төрелігіне тән басты қасиеттер болса керек» – деп еді Елбасы.

1996 жылғы 19 желтоқсанда Алматы қаласында судьялардың I съезі өз жұмысын бастады. Судьялардың алғашқы съезіне Тұңғыш Президент арнайы қатысып, сот жүйесін жетілдіруге бағытталған тапсырмалар берді. Сол съезде Судьялар одағының жарғысы бекітілді, одақтың басшылық құрамы сайланды және Судья этикасының кодексі қабылданды. Судьялардың алқалы басқосуы былтыр сегізінші мәрте өтті. 2020 жылдың 23 қазанында өткен судьялардың кезекті VIII съезі бұған дейін қолға алынған жұмыс нәтижесін қорытындылап, алдағы атқарылар жұмыстардың ауқымын белгіледі. Съезге қатысқан Президент Қ.Тоқаев өз сөзінде сот төрелігінің әділ және заңды жүзеге асырылуына мемлекет, бүкіл қоғам да мүдделі екенін атап өтті.

Аталған съездің ерекшелігі – бейне конференция режимінде өтуінде. Бұл жағдай әлемдік пандемия кезінде еліміздің сот жүйесінің жұмысы дұрыс жолға қойылғанын айғақтайтын маңызды қадам екені анық.

Қоғамның сеніміне ие болу – сот қызметінің басты мақсаты. Осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі жүргізу үшін Жоғарғы Сот төрағасы Ж.Асановтың бастамасымен «Сот жүйесін жаңғырту» бағдарламасы әзірленіп, оны жүзеге асырау үшін алғышарттар жасалып, мақсат пен міндеттер белгіленді. Сот жүйесінің «7 түйіні» анықталып, оларды шешудің жолдары айқындалды. «Түнгі сот», «виртуальды сот» пилоттық жобалары жүзеге асырылды. Сот актілерін дайындаудың жаңа форматы енгізіліп, сот шешімін түсіндіру жұмысы жаңа сатыға көтерілді.

Азаматтық процестік кодекске және басқа да заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы судьялардың жүктемесін азайтуға, сот актілерінің сапасын арттыруға мүмкіндік туды. Азаматтық процесті, әкімшілік әділет саласын, судьялардың тәуелсіздігі мен жауапкершілігін, сот төрелігінің сапасын, цифрландыру және сервиске бағдарлану, кадрлық басқару және судьяларды іріктеу, қылмыстық процесті жаңғырту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Азаматтық процесті жаңғырту бойынша даусыз істерді соттардың құзыретінен алып тастау, сот орындаушыларының әрекетін санкциялауды қысқарту, жекелеген функцияларды мемлекеттік органдарға беру, кейбір істерді нотариустардың қарауына беру, төрелік шешімдеріне шағым жасауды қайта қарау жұмыстары белгіленді. Судьяның процесте белсенді болуына рұқсат етіп, оның дәлелдеме жинақтау құзыретінің аясы кеңейтілді.

Әкімшілік әділет саласы бойынша Герман моделінің негізінде Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс (ӘРПК) қабылданып, әкімшілік соттарының жаңа жүйесі құрылмақ. Сондай-ақ,

Оралбек БАҚТЫГЕРЕЕВ, Шалқар аудандық сотының төрағасы

қылмыстық процесті жаңғырту бойынша прокуратура сотқа өтінішхаттарды, материалдар мен істерді (оның ішінде теріс қылықтар туралы) өзінің атынан және өз қалауы бойынша жіберуге құқықты жалғыз орган ретінде белгіленеді. Прокуратура бұл шешімдерді өзі дайындайды және олар үшін жеке-дара жауапты болатыны қарастырылған. Бұл қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында процеске қатысушылардың құқықтары мен бостандықтарын барынша қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Заңды елеулі түрде бұзу ғана ақтау үкімдерін қайта қарауға негіз бола алады деп белгіленіп, соттардың айыптауға бейімділік сипатынан арылуына заңдық негізде мүмкіндік жасалады. Бұл еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті дамыған 30 елдің қатарына қосылу жолындағы сот төрелігіне қатысты қарышты қадамдарының бірі болып табылады.

Сондай-ақ, процестік нысандар мен рәсімдерді сақтау қылмыстық құдалауды тоқтату үшін жеткілікті негіз болып табылады деген қағиданың іске асырылуы қамтамасыз етілетін болады. Қылмыстық-процестік заңнамаға қорғау тарапының қорғау актісін жасауы және оны айыптау тарапы мен сотқа ұсыну құқығы енгізіліп, ол қарауға міндетті болып табылатындығы қарастырылады. Бұл халықаралық стандарттарға сәйкес сот процесінде тараптардың тең құқылығын және олардың жарыспалылығын одан әрі жетілдіруге бағытталған норма.

Сот жүйесін жаңғырту аясында электронды сот төрелігі жандандырыла бастады. Осы мақсатта істерді автоматты түрде бөлу жетілдіріле түседі. Цифрлық талдау сервисі, сот отырысының электрондық залдары жасалды. Электрондық сот ісін жүргізу заң деңгейінде реттелді.

Бүгінде талап арыздар толық электрондық түрде қабылданады. Оңайлатылған іс жүргізу тәртібіндегі, сондай-ақ сот бұйрығы шығарылатын істер толық электрондық форматта қаралады. Сонымен қатар, қылмыстық құқық бұзушылық туралы істерді де электрондық форматта қарау жұмыстары қолға алынуда.

Жоғарғы Сот тарапынан атқарылған ауқымды жұмыстар жұртшылықтың сотқа деген сенімін арттырады, судьялардың жүктемесін азайтады, сот істерінің тез шешілуіне ықпал етеді.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ӘРТҮРЛІ

6. «Алматы қаласы әкімдігінің күрделі құрылыс кәсіпорны» ЖШС, БСН 080840017805, жарғылық капиталының 5 879 259 184 (бес миллиард сегіз жүз жетпіс тоғыз миллион екі жүз елу тоғыз мың жүз сексен төрт теңге) теңгеге азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: заңды мекенжайы: индекс 050040, Алматы қаласы, Көктем-5 ықшамауданы, 15А үй, 202-кеңсе; нақты мекенжайы: индекс 050026, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 303.

8. «Бейнеуский зерновой терминал» ЖШС, БСН 090340001153, Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, №1 теміржол бекеті мекенжайында орналасқан астық қоймасының мүліктік кешенін банкроттық рәсім шеңберінде иеліктен шығару жоспарланғаны туралы хабарлайды. Тел.: 87019011529.

13. Алматы қаласы МАЭС-нің 26.04.2021 ж. ұйғарымы бойынша «Инновация-Г.Д» ЖШС-не, БСН 111040002982, қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы іс қозғалды. Мекенжайы: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 108/77, 2-кеңсе, тел.: 87017186699.

14. Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 22.04.2021 ж. ұйғарымы бойынша «NET-company ONE» ЖШС-не (БСН 060840008163, Алматы қаласы, Лесков көшесі, 3 оңалту рәсімін қолдану туралы іс қозғалды.

16. «Алматы қаласының Салттық қызметтер көрсетудің арнаулы комбинаты» ЖШС, БСН 960240000695 (Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 235), жарғы капиталының азайғандығы туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Қайырбеков көшесі, 7. Тел.: 8(727)3975776.

18. Алматы қаласы МАЭС-ның 23.04.2021 ж. ұйғарымы бойынша «НБ корпорейшн» ЖШС-не, БСН 021040000888, оңалту рәсімін қолдану туралы іс өндіріске алынды.

ТАРАТУ

2. «Агро Кызыл-Уюм» ЖШС (БСН 100540010055) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 020700, Ақмола облысы, Біржан Сал ауданы, Кызыл-УЮМ ауылы, тел.: 87017053449.

3. «Synergy Innovation Group» ЖШС, БСН 110740012853 (ҚР, 050020, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Луганский көшесі, 139-үй, 3-кеңсе), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Пушкин көшесі, 129-үй, 31-пәтер. Тел.: 87018088111.

4. «К-ТАУСНАБ» ЖШС, БСН 121040021148 (Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Мойынқұм ауданы, Ақсүйек ауылдық округі, Ақсүйек ауылы, Хантағы көшесі, 1А), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Мыңбаев көшесі, 49. Тел.: 87273755487.

5. «Мақтарал аудандық әйелдер ісі жөніндегі ұйым» қоғамдық бірлестігі, БСН 120740000801, ЖСН 540502402539», заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 160500, Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданы, Жетісай қаласы, Жүнісходжаев көшесі, №6 үй. «Мақтаарал аудандық әйелдер ісі жөніндегі ұйым» қоғамдық бірлестігі өзінің жойылғандығын хабарлайды. Тел.: 87781657777.

7. «RD – contract» ЖШС, БСН 171140010640, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Ильинка тұрғын алабы, Доспамбет жырау көшесі, 78-ғимарат. Тел.: 87759713491.

9. «Казконтрактсауда» ЖШС, БСН 990740006404, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы облысы, Алатау ауданы, Немирович-Данченко көшесі, 51«Д» үй, тел.: 87052922202.

10. «LCM invest Limited» ЖШС, БСН 050840018961, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы облысы, Әуезов ауданы, 3 ықшамаудан, 36-үй, 12-пәтер, тел.: 87052922202.

11. «Коксай-Музбель» ЖШС, БСН 050640003242, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы облысы, Іле ауданы, Энергетический ауылдық округі, Өтеген батыр ауылы, Қуат ықшамауданы, Қапал батыр көшесі, 1А үй, тел.: 87052922202.

12. «Мейрим шапағат» қайырымдылық-қоғамдық қоры, БСН 100940017215, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: РҚ, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылы, Смағұл Көшекбаев көшесі, 2-үй, индекс 060400.

15. «KUTYBAY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өзінің таратылатыны туралы хабарлайды, БСН 200640008147, тіркелген күні 06.06.2020 ж. Барлық талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: индекс 120314, Қызылорда облысы, Жанақорған ауданы, Төменарық ауылы, Р. Құлымбетова көшесі, №3 үй, тел.: 87471944147.

19. «Білім беру жүйесін ақпараттандыру орталығы» ЖШС (тіркеу нөмірі № 21025-1901-ТОО 24.11.2005 ж.) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Бейбітшілік көшесі, 11, тел.: 87172556858.

20. «Трансснаб Сервис НС» ЖШС, БСН 070640002812, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Казахская көшесі, 79-үй, 46-пәтер, тел.: 87011116961.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!
ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zanreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.
ТЕЛЕФОН: 292 29 27, 8 708 929 9874

ҚОЛАЙЛЫ, ТЕЗ ӘРІ АРЗАН
«ЗАҢ ГАЗЕТІ» ЖӘНЕ «ЮРИДИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА» БАСЫЛЫМДАРЫНА хабарламаларды енді біздің zanreklama.kz сайтымыз арқылы беруге болады. Қазақстанның кез келген түкпірінен, құжаттар саны өте аз.
Барлық сұрақтар бойынша: 87089299874 (Аян)

ДҮҢГІРШЕКТЕРДЕ САТЫЛЫМДА
«Заң газеті» және «Юридическая газета» басылымдары енді «Караван-Престіж» Алматы қаласындағы 64 дүңгіршегінде сатылымда болады. Дүңгіршектердің мекенжайларын ғаламтордан табуға болады.
Нұр-Сұлтан қаласында газеттерді «Алты Алаш» сауда нүктелерінен таба аласыз. Тел.: 87015728847.

Маңғыстау облысының судьялар қауымдастығы мен Маңғыстау облысы бойынша Соттар әкімшісі Бейнеу аудандық сотының төрағасы м.а. Алдабергенов Маратқа анасы
Манашова Рухияның
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматы қалалық сотының басшылығы, Соттар Әкімшісі мен Судьялар одағының Алматы қалалық филиалы судья Нұрмуханова Ляззат Кабденқызына
АҒАСЫНЫҢ
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89,
факс:
8 (747) 428-26-10
E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы,55,Пушкин көшесімен қиылысы,«Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99,8 701 739 27 83,8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz,e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы,208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі,78,105-кеңсе.Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ.,ш/а Жетісу-3,55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ.,Жамбыл көшесі,11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында,Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

АНЫҒЫ МЕН ҚАНЫҒЫ

ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП ЖАРҚАБАҚТА ТҰР

Республиканың жалпы ішкі өнімінде (ЖІӨ) 1990 жылдары жеңіл өнеркәсіптің үлесі 15 пайызды құрады. Соның нәтижесінде Қазақстанның жеңіл өнеркәсібі КСРО-да ЖІӨ-нің 4 пайызын берген еді. Соңғы 30 жылда жеңіл өнеркәсіп алға басудың орнына кері кетіп, бұл саланың республиканың ЖІӨ-дегі үлесі 1 пайызға да жетпей қалды.

Бұрын 200 мыңнан астам адам еңбек еткен жеңіл өнеркәсіпте қазір ресми статистика бойынша 13 мың адам қалды. Ал оның нақты жұмыс істейтіні 9,5 мың ғана. Ресми статистиканың шынайы өмірмен сәйкес келмейтіні туралы ҚР Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары қауымдастығы президенті Любовь Худова: «статистикалық деректерде 2020 жылы 8 558,7 мың жұп аяқ киім өндірілгені және өсім 6,4 есе құрағаны көрсетілген. Алайда іс жүзінде – 1401,9 мың жұп аяқ киім өндірілді. Сондай-ақ киім өндірісі де қатты төмендеді. Саладағы көлеңкелі экономиканың көлемі жылына 1,5 млрд долларды құрауда», – дейді.

Ал «Қазлегпром Алматы» ЖШС-нің өндіріс бойынша директоры Марат Оспановтың сөзіне қарағанда, соңғы 10 жылда Қазақстанда жеңіл өнеркәсіп бойынша бірнеше бағдарламалық құжат қабылданды. Оның 2010–2014 жылдарға арналған біреуі ғана мемлекеттік. Өзге уақытта жалпы бизнеске қатысты кешенді шара немесе жол картасы қабылданды. Өкінішке қарай бұл жол карталарының жеңіл өнеркәсіпке ешқандай тиімділігі болмады. Сондықтан былтыр ол мәселе Парламент Сенатының деңгейінде қаралды. Сенаторлар кәсіпорындарды аралап, жан-жақты талдау жасап Үкіметке 90-нан астам тапсырма берді. Оның есебі желтоқсанда тыңдалды. Оған қанағаттанбаған депутаттар есепті қайта өткізуге шешім қабылдаған болатын. Биыл 2 сәуірде «Қазақстанның жеңіл өнеркәсібі: қазіргі жай-күйі және өнімділігі жоғары бизнесті дамыту перспективалары» деген тақырыпта өткен екінші парламенттік тыңдауда тапсырманың 50-ден астамы мүлде орындалмағаны, ал қалғаны формальды түрде ғана орындалғаны анықталды. Яғни, мемлекет тарапынан алдағы 5 жылда нақты қолдау жасалмаса елімізде жеңіл өнеркәсіп мүлде құрдымға кетіп, одан кейін оған қолдаудың мүлдем қажеті болмай қалуы мүмкін. Өйткені, жеңіл өнеркәсіптің әлеуметтік сипаты басым. Онда қызмет жасайтын адамдардың 80 пайыздан астамы әйелдер.

Үкіметке Парламенттің сөзі өтпей ме?

2019 жылы 26 маусымда бір топ сенатор Премьер-Министр А. Маминге жеңіл өнеркәсіп саласында еңбек ететін сайлаушылармен кездесулерде көтерілген мәселелер бойынша депутаттық сауал жолдаған болатын. Жеңіл өнеркәсіпті дамыту мәселелері Үкіметтің бақылауында екені атап өтілгенімен, ол сенаторларды да, жеңіл өнеркәсіп саласында еңбек ететін сайлаушыларды да қанағаттандыра қойған жоқ.

Еске сала кететін болсақ 2020 жылы 6 наурыздағы Парламенттік тыңдауда Сенат төрағасы Д.Назарбаева: «Мен бәсеке тым күшті, жарысқа түсудің еш мағынасы жоқ, ал күш-жігерімізді анағұрлым болашағы бар салаларға жұмсау керек деген пікірді талай естідім. Шын мәнісінде осылай ма? Бірден ұлттық жеңіл өнеркәсіптен бас тартып, импортқа, яғни шетелдік өндірушілердің еркіне жығыла салған орынды ма? Ол қадамның дұрыс емес екеніне сенімдімін», – деген еді.

2021 жылдың 18 ақпанында Мәжілістегі «Ақ жол» фракциясының және Қазақстан халық партиясының мүшелері Премьер-Министрге жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарын қолдауға қатысты кезекті депутаттық сауалдарын жолдады. Оған 1 сәуірде Үкімет басшысы жауап бергендей болды. Онда Дүниежүзілік сауда ұйымы мен Еуразиялық экономикалық одақтағы Қазақстанның міндеттемелері туралы айтылған. Алайда, Дүниежүзілік сауда ұйымы мен Еуразиялық экономикалық одақ өз міндеттемелеріне қарамастан, өзге елдердің ішкі нарығын қорғап қана қоймай, сыртқа нарыққа шығатын өз өндірушілеріне мемлекеттік қолдауды бұрынғыдан көбейтпесе азайтпағанын біліп, көріп отырса да естімеген-көрмеген кейіп танытып отырғаны отандық өндірушілерді еріксіз бас шайқатты. Мысалы, «GLASMAN» ЖШС директоры Анвар Хилажев: «квазимемлекеттік секторға жұмыс істейтін жеңіл өнеркәсіптегі аз кәсіпорынның бірі біз. Тұтыну нарығына жұмыс істейміз. Ондағы бағытымыздың бірі – мектеп формасы. Мемлекет әлі мектеп формасының міндеттілігін айқындаған жоқ. Республикада 3,2 млн оқушы бар. Отандық өндірушілер максимум 200 мың комплект дайындайды. Ал бұл нарық ең кемінде 48 млрд теңгені құрайды десек, ондағы отандық өндірушілер үлесі 3 пайыз, яғни 1,5 млрд теңге. Қалған ақша біздің жақын бәсекелестеріміз Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей, Беларусь елдерінің еншісінде», – деп отыр.

Сөз бен іс үйлеспейді

Үкімет жыл сайын уәдені үйіп-төккенімен, жеңіл өнеркәсіп өндірісі жыл өткен сайын ілгері жылжудың орнына кері кетуде. Атқарушы билік органдарының өз уәдесін орындауын талап етуге Парламент те дәрменсіз боп отыр. 2 сәуірде Сенатта «Қазақстанның жеңіл өнеркәсібі: қазіргі жай-күйі және өнімділігі жоғары бизнесті дамыту перспективалары» деген тақырыпта өткен парламенттік тыңдауда Ұлттық экономика министрінің орынбасары Тимур Жақсылықов кәсіпкерлердің дағдарысқа қарсы мемлекеттік қолдау шараларын жүзеге асырып жатқанын жеткізді. Экономиканың ең көп зардап шеккен салаларындағы шағын және орта бизнеске банк несиелерін жеңілдікпен қайта қаржыландыру тетігі де іске қосылғанын айтты. Ал Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрінің орынбасары Аманияз Ержанов: 2020 жылғы 4 наурыздағы тыңдау қорытындысы бойынша Үкіметке жіберілген 69 ұсыным топтамасының 40%-дан астамы орындалғанын, қалғаны әзірленіп жатқан 2025 жылға дейінгі жеңіл өнеркәсіпті дамытудың жол картасы жобасына енгізілгеніне сендірген. Алайда, жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары өкілдері атқарушы билік тағы өздерін де, заң шығарушы билік органдарын да сан соқтырып кеткенін нақты деректер арқылы көрсетіп берді.

«Қазлегпром Алматы» ЖШС-нің өндіріс бойынша директоры Марат Оспановтың сөзіне қарағанда, қазір мемлекеттік органдармен емес, бизнес қоғамдастық бастамасы бойынша жеңіл өнеркәсіпті дамыту стратегиясы мен 2025 жылға дейінгі жеңіл өнеркәсіпті дамытудың жол картасы жасалды. Алайда Экономика министрлігі наурызда екі рет ескерту беріп, бизнес қауымдастық ұсынысының бірде-бірі қолдау таппаған. Экономика және қаржы министрліктері соңғы ескертпесінде тіпті 2 ай бұрын өздерімен келісілген ұсынысты да қолдамай отыр. Егер бұл мәселеде оң өзгеріс болмаса, олар енді Мемлекет басшысы мен ҚР Премьер-Министріне қолдаухатпен жүгінетіндерін жеткізді.

Жеңіл өнеркәсіп жайлы заң тұрмақ, түсінік жоқ

Әлем елдерінің тәжірибесіне көз жүгіртер болсақ, жеңіл өнеркесіп саласын дамыту үшін бірқатар мемлекеттер арнайы заң қабылдаған. Енді біреулері оны мемлекеттік бағдарлама аясында жүзеге асырып отыр.

– Тәуелсіздікке биыл 30 жыл толғалы отырса да, бізде әлі жеңіл өнеркәсіпке арналған заң да, мемлекеттік бағдарлама да жасалмай келе жатыр. Мұның бәрі айқын стратегиялық саясаттың жоқтығынан. Кеңес дәуірінде жеңіл өнеркәсіпте шикізатты дайындау, жинау, өндіріске жеткізу, өңдеу ісі толық жүйеленген еді. Біздің алдымызда ешқандай нақты мақсат болмағандықтан оның бәрінен айырылдық. Мәселен, жүннің 5 пайызы, ірі қара терісінің 9 пайызы ғана өзімізде өңделеді және мақтаның 70 пайызы сыртқа шығарылады. Ал ірі қара терісінің 90 пайызы, қой терісі толық 100 пайыз жинала ма, жойыла ма одан Ауыл шаруашылығы министрлігі де хабарсыз. Бізде агроөнеркәсіп кешені туралы заң бар. Онда жеңіл өнеркәсіп түсінігі де жоқ. Ал жеңіл өнеркәсіптің 20 шақты саласы бар. Егер заңда түсінік болмаса, онда қандай жеңілдік болады. Арнайы заң шығару керек. Сосын мемлекеттік бағдарлама болуы қажет. Құзырлы министрлікте жеңіл өнеркәсіп мәселесімен айналысатын 3 кісі ғана бар. Кеңес дәуірінде Жеңіл-тамақ өнеркәсібі деген жеке министрлік болған. Қазір жеңіл өнеркәсіп бойынша елімізде 1200-дей кәсіпорын болғанымен, оның 35-і ғана орта және ірі де, қалғаны ұсақ. Сондықтан мұндағы салықтың 35 пайызы орта және ірі кәсіпорындардың үлесіне тиеді. Ал жеңіл өнеркәсіптен ел бюджетіне түсетін жалпы салықтың көлемі жылына 8-10 млрд теңге көлемінде ғана. Егер үкімет уақытша нақты салықтық жеңілдік беретін болса оны 5 жылда екі есе етіп қайтарып алуына толық негіз бар. Ал бұл өндірісті ғана емес, жұмыспен қамтылатын халықтың да үлесін еселеп арттыруға мүмкіндік береді, – дейді «Қазлегпром Алматы» ЖШС-нің өндіріс бойынша директоры Марат Оспанов.

Ұлттық қауіпсіздік нормасы бойынша белгіленген 10 пайыздық норманың қазақстандық тұтынушылардың жеңіл өнеркәсіп бұйымдарымен қамтамасыз етілуінде мүлде орындалмауы ҚР Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары қауымдастығының ғана жанайқайы болмауы тиіс. Өз несібесін көлденең көк аттылармен бөлісуге мәжбүр болып отырған өндірісшілердің мәселесі ҚР Президенті, ҚР Қауіпсіздік Кеңесі, ҚР Премьер-Министрі деңгейінде талқыланып, нақты шешім қабылданбаса, ел экономикасының қозғаушы күшінің біріне айналуға тиісті жеңіл өнеркәсіпсіз 2030 тұрмақ, 2050 жылы да әлемнің ең дамыған көшбасшы елдерінің қатарына қосылуымыз неғайбыл.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

COVID-19

QAZVAC ҚОЛДАНЫСТА

Қазақстан отандық екпе көмегімен коронавирусқа қарсы егу науқанын бастады. QazVac деп аталатын бұл препарат қазірі таңда клиникалық сынақтың үшінші сатысынан өтуде. COVID-19 індетіне қарсы отандық екпені жасау індеттің алғашқы күнінен бастап қолға алынған болатын.

Ғалымдарға бұл үшін біраз уақыт қажет болды. Медициналық препарат Денсаулық сақтау министрлігінде клиникалық сынақтан өтіп жатқан кезде қазақстандықтар ресейлік «Спутник V» екпесін салдыруға бел байлаған еді. Екпе науқаны басталған үш айдан соң қазақстандық екпе дайын болды. QazVac екпесі бүгінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау реестріне енгізілді.

Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының директоры Айнагүл Куатбаеваның айтуынша, қазақстандық екпе қорғаушы антидененің пайда болуына ықпал етеді. Ғалымдардың мәлімдеуінше, мұның сыртында қазақстандық вакцина өзінің шетелдік аналогтарымен салыстырғанда алып жүруге және сақтауға қолайлы, яғни ерекше баптауды қажет етпейді. Мысалы оған арнайы қатал температуралық режим қажет емес. QazVac екпесі Цельция градусы бойынша, 2-8, Фаренгейт градусы бойынша 35-46 аралығындағы температурада сақталады. Бұл оны аймақтарға тасуды

жеңілдетеді. Мұндай нәтижеге оны жасаудың алғашқы сатысында ғалымдар таңдаған әдістің арқасында қол жетті.

Бүгінгі таңда отандық екпенің алғашқы 50 мыңы елдің аймақтарында таратылды. Өкілетті органның мәлімдеуінше тағы 50 мыңы мамыр айында шығарылатын болады. Одан соң құзырлы орын бұл өнімнің өндірістік қуатын жарты миллионға жеткізуді жоспарлап отыр.

Денсаулық сақтау министрі Алексей Цойға екпе тікелей эфирде егілді. Екпеден соң журналистерге Алексей Цой өзін жақсы сезініп тұрғанын айтты. Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің твиттердегі парақшасында Қазақстан өзінің отандық екпесін дайындаған санаулы елдің бірі екенін айтып, оны жасауға қатысқан барлық ғалымдар мен мамандарға алғыс айтты. Сонымен қатар, бұл препараттың барлық қазақстандықтарға қолжетімді болуы үшін өндірісі ұлғайтылатынын жеткізді.

Қазақстан өз аумағында ресейлік «Спутник V» екпесінің өндірісін іске қосқан бірінші ел. Цой мырзаның айтуынша, басталған екпе бойынша науқан аясында 1 016 809 адам егілді. 26 сәуірге берілген ресми мәлімет бойынша 19 миллион халық арасында 309 мың адам Ковид-19 вирусын жұқтырып, олардың 3570-і қайтыс болған.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы Талғатжан Мұхамадиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №60 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31